БЕЙСЕНБІ
№14 (4554)
6.02.2025
www.aikyn.kz
e-mail: aikyn.kz.gazeti@gmail.com
www.facebook.com/aikyn.kz
@aikyngazeti

AIQYN

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

ГАЗЕТКЕ ОНЛАЙН ЖАЗЫЛУ

ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРТІПТІ НЫҒАЙТУ МАҢЫЗДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Ішкі істер министрі Ержан Сәденовті қабылдады.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа елдегі криминогендік жағдай және ішкі істер органдарының «Заң мен тәртіп» қағидатын іске асыру барысы жөнінде ақпарат берілді. Президентке елімізде қабылданған кешенді шаралар нәтижесінде былтыр қылмыс саны 12,7 мыңға азайғаны баяндалды.

Соңғы жылдары қылмыс деңгейінің, әсіресе кісі өлтіру, қарақшылық, тонау мен ұрлық сияқты аса ауыр қылмыс түрлері көрсеткіштерінің айтарлықтай төмендеуі байқалады. Сонымен қатар тергеудің заманауи әдістерін енгізу арқылы қылмыстың барлық санаты бойынша ашылуы жақсара түскен.

Ержан Сәденов қылмыскерлерді іздестіру жұмыстарының нәтижесі туралы айтты. 2024 жылы полиция іздеуде жүрген 1 949 адамды ұстаған.

Мемлекет басшысына ұйымдасқан, кибер және есірткі қылмыстарына қарсы іс-қимыл, сондай-ақ құқықбұзушылықтардың алдын алу жөніндегі тапсырмаларының орындалу барысы таныстырылды. Соның ішінде ұйымдасқан қылмыстық топқа қатысқаны үшін 264 адам қылмыстық жауапкершілікке тартылған.

Министрдің айтуынша, соңғы 12 айда есірткі таратуға қатысты ақпарат жариялаған 7 500-ге жуық интернет-ресурс анықталды, 22 тоннаға жуық есірткі айналымға жіберілмеді, 64 есірткі зертханасы жойылды. Интернет-алаяқтардың 65 миллион қоңырауы бұғатталды. Нөмірлерді ауыстыруға арналған 48 SIM-box құрылғысы әшкереленді. Алаяқтардың 2 миллиард теңгеден астам қаржыны елден шығаруына жол берілмеді.

Ведомство басшысы кәмелет жасына толмағандардың құқықтарын қорғау, көші-қонды бақылауды күшейту, жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қылмыстық-атқару жүйесін жетілдіру жөніндегі шаралар туралы хабардар етті.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев елдегі құқықтық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздік деңгейін одан әрі арттыру бойынша бірқатар тапсырма берді.

ОРТАЛЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ ТӨРАҒАСЫН ҚАБЫЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Орталық сайлау комиссиясының төрағасы Нұрлан Әбдіровті қабылдады.

Президентке Бүкіләлемдік сайлау күні аясында елімізде өткізілген іс-шаралар, 2024 жылғы электоралды кампаниялардың қорытындылары, ОСК қызметінің қазіргі жай-күйі мен алдағы жоспары баяндалды.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаевқа сайлау комиссиясының халықаралық ынтымақтастықты кеңейту жөніндегі бастамалары таныстырылды.

МӘСЕЛЕ

ТІС АУЫРСА, ІШ АУЫРСА, МӘМС КӨМЕК БЕРМЕЙДІ...

Президент Үкіметтің кеңейтілген отырысында МӘМС жүйесін реформалауға серпін беруді жүктеді. Себебі сала былығып жатыр және түйткілі де сәт сайын көбейіп барады. Мысалы, қаражат игерушілер бес айлық, тісі жоқ сәбидің «тісін емдедік» деп қосып жазған. Бір адамның 82 тісін емдеген! Бұл енді жолды сүріп тастап, жылда қайта асфальт төсейтін «бизнеске» ұқсайды. Өз кезегінде стоматологтар қордың сырқаттар тісін анестезиясыз, шыңғыртып жұлуға мәжбүрлеп жатқанын айтып, дабыл қақты. МӘМС жүйесіндегі дау-жанжал неге көбейді?

→ 4

ЖАҢАРҒАН ЖОЛДАР – НАРЫҚТЫҢ КҮРЕТАМЫРЫ

«Жол азабын жүрген білер» демекші, оңтүстіктен солтүстікке, шығыстан батысқа созылып жатқан тарам-тарам жолдардың сапасы соңғы жылдары жиі сынға ұшырап жүрді. Мемлекет басшысы да жыл басында көлік-логистика саласына ерекше назар аударып, бұл бағытта одан әрі даму үшін айтарлықтай әлеует бар екенін айтқан еді. Жақында өткен отырыста Үкімет мүшелері Президенттің осы тапсырмасын пысықтап, еліміздің көлік инфрақұрылымын жаңа деңгейге көтеру мәселелері кеңінен талқылаған болатын. Қазір Қазақстанда 95 мың шақырымнан астам жол желісі болса, соның 25 мыңы – республикалық маңызы бар автотрассалар, ал қалғандары жергілікті жолдарға жатады. Бұл жолдардың «өткені» баршаға мәлім, бүгіні мен болашағы қалай?

→ 4

ҚАУІПТІҢ БЕТІ ҚАЙТПАЙ ТҰР

Былтыр тұтас елді әбігерге салған топан су биыл да аса үлкен қатер төндіреді деген қауіп басым. Елдің жүздеген ауылы су тасқыны қауіпті аймақтар қатарына енгізілуі осыған айқын дәлел.

→ 7

ТЫҢДАРМАННЫҢ ЖЕТЕГІНДЕ КЕТПЕУІ КЕРЕК

Бүгінгі әнсүйер қауымның талғамы да, өнер ордасын толықтырған әншілер қатары да кеңейді. Алайда ұзақ жылдар бойы құлақтан кіріп, бойды алған әсем әнді орындаушылардың орны бөлек.

→ 8

АЛАЯҚ АЙЛАСЫН АСЫРМАСЫН

Фишинг, дроппер, сим-бокс, кибервирус, анти-фрауд, онлайн-сауда, жалған несие, жалған инвестиция, үлескерлер, қаржы пирамидасы, криптовалюта, инвестиция, киберқалқан және тағы басқалар. Бұл алаяқтықпен күресте жиі кездесетін сөздер. Олардың мазмұнына қарап, қазір ең бір ушығып тұрған бұл құбылыстың түрі мен сипаты күрделі екенін айқын көруге болады. Ал мұнда миллиардтап айналып жатқан сомалар оның ауқымын көрсететіндей. Ендеше елімізде алаяқтық ахуалы қандай? Онымен күрес қалай жүруде?

→ 5

АҚПАРАТ

6 АҚПАН 2025 | БЕЙСЕНБІ

АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАУ ТАЛАПТАРЫ КҮШЕЙТІЛМЕК

Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен жалпы отырыс өтті. Онда депутаттар азаматтық қорғау мәселелері бойынша заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдап, Өзбекстанмен арадағы халықаралық келісімді де ратификациялады.

Мәжіліс депутаттары азаматтық қорғау мәселелері бойынша заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдады. Оның аясында Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша өрт және өнеркәсіптік қауіпсіздік, азаматтық қорғаныс және сейсмикалық қауіпсіздік саласындағы жекелеген талаптар күшейтілген. Төтенше жағдайлар министрі Шыңғыс Әрінов заңнамалық өзгерістер туралы толығырақ түсіндіре келе:

– Төтенше жағдайлар министрлігіне биіктігі 28 метрден асатын ғимараттар мен адамдар жаппай жиналатын объектілерді пайдалануға беру кезінде өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкестігі туралы қорытынды беру өкілеттігі беріледі. Сондай-ақ жаңадан жобаланатын Хан Шатыр, ЭКСПО сияқты құрылысы ерекше объектілерге қатысты арнайы техникалық шарттарды келісу нормасы енгізіледі, – деді министр.

Технологияларды, құрал-жабдықтарды және жұмыс әдістерімен бірге, қайта жабдықтау процесін тиімді ұйымдастыру үшін министрлікке қауіпті өндірістік объектілерді жаңарту мен техникалық қайта жабдықтаудың жиынтық жоспарын келісу құзыреті беріледі.

Сейсмикалық аймақтарда орналасқан халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жаңа жүйелік тәсілдер енгізіледі. Төтенше жағдайлар министрлігі мен жергілікті атқарушы органдарға сейсмикалық қауіптілікке бағалау жүргізу өкілеттігі беріледі. Мұнда халықты жер сілкінісінен қорғау және олардың салдарын жою жөніндегі іс-шаралар көзделеді.

Азаматтық қорғаныс бойынша жекелеген нормалар қарастырылған. Қазір азаматтық қорғаныстың қорғаныш құрылыстарының бір бөлігі жекеменшікте. Оларды есепке алу тәртібін белгілеу үшін құқықтық кадастрда жеке жылжымайтын мүлік объектісі ретінде құрылыстарды тіркеу енгізіледі.

Жаһандық және өңірлік төтенше жағдайлар кезінде тұрақты жұмыс істейтін Республикалық жедел штаб құрылады. Оның негізгі функциялары – төтенше жағдайлар мен олардың салдарын жою жөніндегі шараларды әзірлеу, орталық және жергілікті атқарушы органдардың қызметін үйлестіру, сондай-ақ іс-шаралардың орындалуын бақылау.

Шыңғыс Әрінов заң жобасының негізгі бағыттарының бірі азаматтық қорғау органдары қызметкерлерінің әлеуметтік жағдайын жақсарту екенін атап өтті. Оларға тұрғын үй өтемақысы және қызметі бойынша басқа өңірге көшкені үшін қосымша төлем төленеді. Төтенше жағдай, соғыс жағдайы немесе төтенше жағдай жарияланған аймақтарда жұмыс істегені үшін үстемеақы белгіленеді. Үстемеақы ақшалай қаражаттың 3 еселенген мөлшерінде төленеді, ал еңбек өтілінің бір күні үш күнге есептеледі. Ерікті өрт сөндіру бөлімшелері үшін де материалдық ынталандыру шаралары қарастырылған.

Түзетулерді талқылау Экология мәселелері және табиғатты пайдалану комитетінің мүшесі Аян Зейнуллин жетекшілік ететін жұмыс тобының отырыстарында жалғасады.

Сонымен қатар мәжілісмендер Қазақстан мен Өзбекстан үкіметтері арасындағы «Орталық Азия» халықаралық өнеркәсіптік кооперация орталығының қызметін реттеу туралы келісімді ратификациялады. Түзетулерді Сауда және интеграция министрі Арман Шаққалиев таныстырды.

– Орталық «Атамекен» (Қазақстан) және «Гүлістан» (Өзбекстан) бақылау-өткізу бекеттерінің жанында орналасады және оның құрамына өндіріс орындары, қоймалар, көлік инфрақұрылымы кіреді. Бұл жүк тасымалдауды жеделдетуге, логистикалық шығындарды азайтуға, жеткізу тізбегіне қатысушылардың санын азайтуға, тұтынушылар үшін өнімнің түпкілікті құнын төмендетуге, жеткізу жылдамдығын арттыруға және «Солтүстік-Оңтүстік» дәлізі аясындағы өндірістік ынтымақтастықты дамытуға мүмкіндік береді, – деді министр.

Орталықтың жалпы аумағы 100 гектарды құрайды, оның жартысы – Қазақстанға, екінші бөлігі Өзбекстанға тиесілі. Белгіленген аумаққа өңірлік индустриялық аймақ мәртебесі беріледі. Орталықтың инфрақұрылымы бюджеттен тыс қаражат есебінен салынады. Түркістан облысы әкімдігі негізгі инвесторды анықтады. Орталықтың ресми ашылуы 2027 жылдың бірінші жартыжылдығына жоспарланған.

Орталық жаңа өндірістер мен жұмыс орындарын құруға, ауыл шаруашылығы және өнеркәсіп өнімдерін өңдеуге, машина жасау, металл өңдеу, фармацевтика, электротехника, химия, былғары, тоқыма және тігін өнеркәсібін дамытуға қолдау көрсететін болады.

Сонымен қатар жалпы отырыста Мәжіліс комитеттері бірқатар жаңа заң жобасын, атап айтқанда, топырақты қорғау туралы және жасанды интеллект туралы заң жобалары мен оларға ілеспе түзетулер, жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы кодекске енгізілетін түзетулер және Қазақстан мен Өзбекстан үкіметтері арасындағы Қазақстан-Өзбекстан мемлекеттік шекарасының режимі туралы келісімді ратификациялау жобасын жұмысқа қабылдады.

Мейір ЖАСЫН

ЖЕМІСТІ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ЖАЛҒАСЫН ТАБАДЫ

Премьер-Министр Олжас Бектенов Қазақстанға ресми сапармен келген Грузия Премьер-министрі Ираклий Кобахидземен кездесті. Сауда-экономикалық байланыстарды дамыту, көлік-логистика, мұнай және мұнай өнімдерін тасымалдау, цифрлық технологиялар, ауыл шаруашылығы, туризм және басқа да салалардағы өзара іс-қимылды кеңейтуге баса назар аудара отырып, екіжақты ынтымақтастық мәселелері талқыланды.

Олжас Бектенов Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Грузиямен екіжақты ынтымақтастықты нығайтуға ерекше мән беретінін атап өтті. Түрлі деңгейдегі белсенді диалог екіжақты тауар айналымын одан әрі әртараптандыруға және кеңейтуге ықпал етеді. Бүгінде Қазақстан-Грузия қарым-қатынасы барлық бағыт бойынша қарқынды дамып келеді.

Бірлескен Үкіметаралық комиссия аясында тауар айналымын арттыру жұмыстары жүргізілуде. 2023-2026 жылдарға арналған өзара тауар айналымы ауқымын кеңейту жөніндегі Жол картасы іске асырылуда. Қазақстаннан экспортталатын өнім номенклатурасы шикізаттық емес тауарлардың жаңа түрлерімен толықтырылуда. Грузия нарығына құны 66 млн-нан астам отандық тауардың 35 түрін жылжыту бойынша шаралар қабылдануда. Тізімге мұнай-химия, металлургия, тамақ өнеркәсібі, химия, машина жасау салаларының өнімдері кіреді.

Келіссөздер барысында Транскаспий халықаралық көлік бағытының әлеуетін ашу арқылы транзиттік-көліктік өзара іс-қимылды арттыруға назар аударылды. Қабылданған шаралар орта дәліздің өткізу қабілетін 2027 жылға қарай жылына 10 млн тоннаға дейін арттыруға мүмкіндік береді деп күтілуде. Сонымен қатар бәсекеге қабілетті тарифтік шарттарды белгілеу, жеткізу мерзімдерін қысқарту және бағыт бойынша жүк тасымалдау көлемін ұлғайту бойынша жұмыстарды жалғастырудың маңыздылығы атап өтілді. Бұл ретте қазақстандық компаниялар Грузияда қуаттылықты арттыруға да қатысады. Биыл Грузияның Поти портында қазақстандық көлік-логистика инвестициялық топ салып жатқан жаңа мультимодальды терминалды іске қосу жоспарлануда.

«Өткен жылы ТХКБ арқылы тасымалдау көлемі 62%-ға өсіп, 4,5 млн тоннаны құрады. Бағыттың әлеуетін арттыру, сондай-ақ инфрақұрылымды, порт және терминалдық қуатты жақсарту, жылжымалы құрамды ұлғайту, әкімшілік кедергілерді жою және тасымалдаушылар үшін қолайлы жағдай жасау жұмыстары жүргізіліп жатыр. Қазақстан Үкіметі барлық бағыт бойынша Қазақстан-Грузия әріптестігінің серпінді дамуын қамтамасыз ету үшін жан-жақты жұмысты жалғастыруға ниетті», — деп атап өтті Олжас Бектенов.

Өз кезегінде Ираклий Кобахидзе Грузияның Қазақстанмен екіжақты байланыстарды дамытуға және нығайтуға мүдделі екенін айтты.

Мемлекет басшысының әлеуметтік маңызы бар жобаларды іске асыру жөніндегі тапсырмасын орындау аясында Үкімет Ұлытау облысының Қаражал қаласында 80 орындық мектеп салуға Арнаулы мемлекеттік қордан 1,4 млрд теңгеден астам қаражат бөлді.

ҰЛЫТАУДА ЖАҢА МЕКТЕП САЛЫНАДЫ

Білім беру нысаны «Вокзал» шағынауданында салынады. Бүгінде шағынауданда тұратын балалардың басым бөлігі қаланың басқа аудандарындағы мектептерде білім алуда. Оларды екі ауысымда апарып, әкелу үшін автобус ұйымдастырылған. Жаңа білім ошағының құрылысы балаларды заман талабына сай оқытуға қолайлы жағдай жасап, білім алуға қол жеткізуін арттыруға мүмкіндік береді.

Бүгінде Үкімет Арнаулы мемлекеттік қордан әлеуметтік маңызы бар нысандарды салуға шамамен 56,6 млрд теңге бөлді. Олардың қатарында Атырау облысының Жамансор, Жетісу облысының Рудничный және Көксай ауылындағы мектептер, Түркістан облысының Темірлан ауылындағы музыкалық мектеп, Ақмола облысының Зеренді ауылындағы спорт кешені, Риддердегі көпсалалы аурухана кешені, Шымкенттегі жатақхана және Ақтөбе мен Петропавлдағы 2 балабақша бар.

Арнаулы мемлекеттік қорға ақша қаражатын аударудан басқа, «Заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару туралы» заң субъектілерінің қаражаты есебінен Арқалық қаласында дарынды спортшы балаларға арналған спорт кешені, Астанада тірек-қимыл аппараты бұзылған балаларға арналған оңалту орталығы, Алматыда ерекше қажеттіліктері бар адамдарға арналған жаттығу орталығының құрылысы жүргізілуде.

БІРЫҢҒАЙ ТҮБІРТЕК ЖҮЙЕСІ ЕНГІЗІЛЕДІ

Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі өз бақылауындағы аумақтарды цифрландыру бойынша белсенді жұмыс істеп жатыр. Былтырғы қараша айынан бастап барлық коммуналдық қызметке Бірыңғай түбіртек енгізу бойынша белсенді жұмыс жүргізіліп жатыр.

Бұл туралы Өнеркәсіп және құрылыс вице-министрі Жәннат Дүбірова әлеуметтік желідегі парақшасында жазды.

Түбіртек барлық төлемді шоғырландыруға арналған. Төлеушілерге ыңғайлы болу үшін барлық ақпарат бір түбіртекте жинақталады.

– Біздің мақсатымыз – бұл жүйені қалаларда ғана емес, аудан орталықтары мен ауылдарда да қолжетімді ету. Бір түбіртек екінші деңгейлі банктер арқылы онлайн режимде беріледі және оны оңай төлеуге болады. Сұраныс бойынша қағаз нұсқасы да қолжетімді. Облыс әкімдіктері жұмысқа кірісіп кетті, бірқатар елді мекенде тұрғындар цифрлық түбіртек ала алады. Біз азаматтарымыз үшін үдерістерді кеңейтуді және жеңілдетуді жалғастырамыз, – деп атап өтті Жәннат Дүбірова.

МИЛЛИОННАН АСТАМ АЗАМАТТЫҢ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҒЫ ЖОҚ

Мәжілістің жалпы отырысында депутат, «AMANAT» партиясы фракциясының жетекшісі Елнұр Бейсенбаев еліміздегі өзекті әлеуметтік мәселенің бірі – жұмыссыздықты көтеріп, Үкіметке депутаттық сауал жолдады. Ол Мемлекет басшысының халықтың жұмыспен қамтылуын және табысын сақтауды басты басымдық ретінде бірнеше рет атап өткеніне назар аударды.

– Алайда осы басымдықты іске асыруға жауапты министрліктердің қазіргі әрекеттері үлкен сұрақтар тудырады. Себебі соңғы 15 жыл ішінде жұмыссыздықтың нақты деңгейі әдейі төмендетіліп, 4-5% деңгейінде сақталып отыр деген түсінік қалыптасты. Үкімет бұл көрсеткішті қалыпты жағдай ретінде қабылдай бастады. Нәтижесінде, еңбек нарығындағы нақты көрініс бұрмаланып, халықты жұмыспен қамту бағдарламаларының тиімсіздігіне әкеліп отыр, – деді депутат.

Оның айтуынша, Үкімет бұл мәселені кешенді түрде шешудің орнына, күш-жігерін уақытша жұмыс орындарын құруға бағыттауда.

Дамыған Еуропа елдерінде, атап айтқанда, Финляндия, Франция, Италия және Испанияда жұмыссыздық деңгейі орта есеппен 7%-дан 12%-ға дейін жетеді. Бұл ресми деректер мен еліміздегі еңбек нарығындағы шынайы жағдай арасындағы алшақтықты айқын көрсетеді. Аталған елдерде жұмыссыздық статистикасы объективті өлшемдерге негізделсе, бізде бұл көрсеткіш мүлдем басқаша есептеледі.

– Менің ойымша, бұл сандар арасындағы айырмашылық еліміздегі ресми статистиканы есептеу әдістемесінің дұрыс еместігінен туындап отыр. Жұмыспен қамтылғандар қатарына маусымдық жұмысшылар, қоғамдық жұмыстарға уақытша тартылғандар, сондай-ақ тұрақты табысы жоқ екі миллионға жуық өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтар енгізіледі, – деді Елнұр Бейсенбаев.

Депутаттың айтуынша, тәуелсіз сарапшылардың есебі бойынша, еліміздегі нақты жұмыссыздық деңгейі әлдеқайда жоғары – кемінде 12%, бұл шамамен бір миллион адамға тең.

Сондай-ақ ол жоғары оқу орындары мен колледж түлектерінің 40%-ы алғашқы жылы жұмыс таба алмайтынын, ал 60%-ы өз мамандығы бойынша еңбек етпейтінін атап өтті.

Еңбекақының едәуір бөлігі «көлеңкеде» қалып отыр, бұл зейнетақы аударымдары мен медициналық қамтамасыз ету жүйесіне кері әсер етеді. Бүгінде 1 миллионнан астам азаматтың зейнетақы жинағы жоқ, ал 3,5 миллион адам міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) жүйесіне жарна аудармайды.

– Неліктен әлі күнге дейін 3 миллионнан астам қазақстандық әлеуметтік қорғау жүйесінен тыс қалып отыр? Олар мемлекеттік органдардың есебінде жоқ, тұрақты табысы болмай, кездейсоқ табыс көздеріне сүйеніп өмір сүреді. Бұл елдегі экономикалық белсенді халықтың төрттен бірін құрайды, – деді депутат.

Оның пікірінше, еңбек нарығындағы осындай бұрмаланған жағдай халықты жұмыспен қамту бағдарламаларының тиімсіздігіне әкелуде.

Осыған байланысты бірқатар ұсынысын айтты. Олар: ұзақмерзімді және тұрақты жұмыспен қамтуға жағдай жасап, лайықты табыс деңгейін қамтамасыз ететін кешенді стратегия әзірлеу; халықтың жұмыспен қамтылу жағдайын шынайы көрсететін нақты деректерді жинау мен талдаудың тиімді әдістерін әзірлеу; МӘМС жүйесінен тыс қалған 3,5 миллион адамды, зейнетақы жарнасы жоқ 1 миллион азаматты, 2 миллион өзін-өзі жұмыспен қамтыған адамды және шамамен 400 мың NEET санатындағы жастарды заңды еңбек нарығына шығару үшін жүйелі шаралар қабылдау.

Мейір ЖАСЫН

АЗАМАТТАРДЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ ЖОЛДАРЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

«AMANAT» партиясы Шымкент қалалық филиалы жанындағы «Отбасы мәселелері және халықты әлеуметтік қорғау» жөніндегі аймақтық кеңесінің отырысы өтті. Жиынға партия филиалының атқарушы хатшысы Мұрат Жолдыхожаев, кеңес төрайымы Баян Жандосова, кеңес мүшелері, бірқатар басқарма басшылары, партия филиалының қызметкерлері қатысты.

Мәжілістің күн тәртібінде қалалық деңгейде халықты әлеуметтік қолдау және кедергісіз орта қалыптастыру бойынша атқарылған жұмыстардың жай-күйі қарастырылды. Сонымен қатар аз қамтылған және толық емес отбасыларға қатысты жүргізіліп жатқан жұмыс мәселелері талқыланып, алдағы міндеттер белгіленді. Отырыста партияның сайлауалды бағдарламасының аясындағы бірқатар тармақтардың іске асырылу жолдары талқыланды.

Шымкент қаласы Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының басшысы Жанат Утебаева және Тұрғын үй басқармасының басшысы Азат Исламов өз баяндамаларында атқарылған жұмыстарын таныстырды. Олар әлеуметтік қолдау жүйесі мен тұрғын үй мәселелері бойынша өңірде атқарылған шараларды кеңінен түсіндіріп, алдағы уақытта қолға алынуға тиіс бағыттарды атап өтті.

Сонымен қатар «Отбасы мәселелері және халықты әлеуметтік қорғау» жөніндегі аймақтық кеңестің құрамында өзгертулер мен толықтырулар енгізілді. Бұл өзгерістер кеңестің жұмысын тиімді жүргізуге және халықтың әлеуметтік қажеттіліктерін жақсырақ қанағаттандыруға бағытталмақ.

Баян Жандосова өз сөзінде еліміздің басты құндылығы – адам екенін атап өтіп, еліміздің экономикалық өсімінің игілігін әрбір азамат көруі керектігін жеткізді. Ол «AMANAT» партиясы жұмысының негізгі басымдылығы халықтың әл-ауқатын арттыруға бағытталғанын, сондықтан Жол картасында белгіленген міндеттерді орындауға бақылау жасап, бірлесе жұмыс жасауға шақырды.

ЖОЛ КАРТАСЫНЫҢ ОРЫНДАЛУ БАРЫСЫ ҚАРАЛДЫ

Ақмола облысы әкімінің орынбасары Ернар Жаркешовтің төрағалығымен «AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасын жүзеге асыруға бағытталған Жол картасының орындалу барысы талқыланды.

Елімізде «AMANAT» партиясының 2023-2027 жылдарға жоспарланған сайлауалды бағдарламасын іске асыру мақсатында арнайы Жол картасы әзірленген болатын. Былтыр өңірде осы бағытта бірқатар жұмыстар атқарылды. Алайда облыс бойынша Жол картада белгіленген 130 іс-шараның 84%-ы орындалса, 14%-ы орындалмаған.

Өткен жылдың жоспарына еніп, алайда орындалмай қалған 19 тармақ бойынша облыс әкімінің орынбасары жауапты мемлекеттік органдарды тындады. Орындалмаған әлеуметтік маңызы бар тармақтар бойынша Ақмола облысының бюджеттік жоспарлау және экономика басқармасының жетекшісі Алмагүл Шұғырмақова түсініктеме беріп, аталған тармақтардың биылғы жылға ауысатындығын, орындалмаған міндеттер бойынша нақты шаралар белгіленетінін жеткізді.

Ақмола облысы әкімінің орынбасары Ернар Жаркешов бюджетті тиімді жоспарлау мен сайлауалды бағдарламаны орындау күн тәртібіндегі негізгі басымдық болу керектігін атап өтіп, Жол картасының орындалмау қаупі бар тармақтарына депутаттар тарапынан үнемі мониторинг жүргізіліп, оның орындалуын жан-жақты бақылауды қамтамасыз ету қажеттігін тапсырды.

Ә.САМАТҰЛЫ

«Жастар Рухы» жастар қанатының Алматы қалалық филиалы мен Принтмедиа технологиялар колледжі арасында меморандумға қол қойылды. Оқу орындары арасындағы меморандум жастардың шығармашылық әлеуетін арттыруға, сондай-ақ студенттердің өз саласында білімі мен тәжірибесін жетілдіруге бағытталған. Колледж мамандарының сөзінше, «Жастар Рухы» жастар қанатымен арадағы келісім студенттердің тың бастамаларын жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

МЕМОРАНДУМҒА ҚОЛ ҚОЙЫЛДЫ

Сурет ЖИ көмегімен жасалған

Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,
Алматы қаласы

Былтыр Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жариялаған еді. «Жастар Рухы» ЖҚ өкілдерінің Принтмедиа технологиялар колледжіне ат басын бұруына негізгі себеп те сол – жұмысшы мамандарға қолдау көрсету. Одан өзге Ұлттық баспасөз күні аясында баспа саласында елеулі қызмет атқарып жүрген мамандардың еселі еңбегі ескеріліп, арнайы марапаттар табысталды. Жиынға арнайы қатысқан «Жастар Рухы» ЖҚ Алматы қалалық филиалының төрағасы Дидарбек Ділдәбек «Жұмысшы мамандықтары жылы» аясында жоғары оқу орындары мен колледждермен ынтымақтастықты одан әрі нығайту басты назарда екенін атап өтті.

– Биылғы жыл жұмысшы мамандарға арналды. Біздің Принтмедиа технологиялар колледжіне келудегі мақсатымыз да осы. Оқу ордасында білім алатын студенттер, сондай-ақ осында жұмыс істейтін баспа маманының барлығы жұмысшы мамандар қатарына кіреді. Сондықтан біз партия басшылығы атынан жұмысшы мамандарды Ұлттық баспасөз күні мерекесімен құттықтап, марапаттарымызды табыстау үшін келдік. Екінші маңызды жайт – колледжде «Жастар Рухы» ЖҚ-ның ұяшығын ашу. Біз жоба аясында жұмысшы мамандарды даярлайтын колледждер мен жоғары оқу орындарын біріктіргіміз келеді. Сондай-ақ бүгін меморандумнан бөлек колледж қабырғасында Ғылым декадасы өтеді. Мұнда біз Ғылым декадасы мен жұмысшы мамандар аясында іске асатын көптеген маңызды ғылыми жаңалықпен, студенттердің бастамаларымен танысамыз. Келешекте оқу орнының басшылығымен тығыз ынтымақтастық орнатамыз деген сенімдеміз, – деді Дидарбек Жұмағалиұлы.

Қазіргі уақытта «Жастар Рухы» ЖҚ-ның Алматы қаласындағы оқу орындарын қамтитын 20-дан астам ұяшығы бар. Дидарбек Жұмағалиұлының айтуынша, ұяшықтар қаланың сегіз ауданында орналасқан. Ол жоспар бойынша биыл Алматы қаласындағы бірнеше жоғары оқу орындары мен колледждерді қамтып, ұяшықтар санын екі еселендіруді жоспарлап отырғанын жеткізді.

– Ақпан айында Түрксіб ауданында орналасқан екі бірдей колледжге ұяшық орналастыру жоспарда бар. Себебі бұл – «Жастар Рухы» ЖҚ маңындағы белсенді емес аудандардың бірі. Оның үстіне, Алатау, Түрксіб ауданында ЖОО кездеспейді. Аудан жастарымен жұмысты жетілдіре береміз. Біздің басты мақсатымыз – жұмыссыз жүрген шет аудандарды қамту, оқу орындарымен ынтымақтастықты дамыту, – деді Д.Ділдәбек.

Бүгінге дейін «Жастар Рухы» ЖҚ шаһардағы 20-ға жуық оқу орнымен іскерлік келісім орнатқан. Келешекте партия өкілдері жастармен белсенді жұмыс жүргізу мақсатында бірлесе қызмет атқаратын оқу орындарының санын одан әрі ұлғайтуды көздейді.

МӘСЕЛЕ

6 АҚПАН 2025 | БЕЙСЕНБІ

ТІС АУЫРСА, ІШ АУЫРСА, МӘМС КӨМЕК БЕРМЕЙДІ...

Президент Үкіметтің кеңейтілген отырысында МӘМС жүйесін реформалауға серпін беруді жүктеді. Себебі сала былығып жатыр және түйткілі де сәт сайын көбейіп барады. Мысалы, қаражат игерушілер бес айлық, тісі жоқ сәбидің «тісін емдедік» деп қосып жазған. Бір адамның 82 тісін емдеген! Бұл енді жолды сүріп тастап, жылда қайта асфальт төсейтін «бизнеске» ұқсайды. Өз кезегінде стоматологтар қордың сырқаттар тісін анестезиясыз, шыңғыртып жұлуға мәжбүрлеп жатқанын айтып, дабыл қақты. МӘМС жүйесіндегі дау-жанжал неге көбейді?

Елдар ҚАБА *(коллаж)*

СЫРҚАТ ШЫҢҒЫРСА, КІМНІҢ КІНӘСІ?

Үкіметтің кеңейтілген отырысында сөйлеген сөзінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға (МӘМС) жеке тоқталды. Оның айтуынша, жүйенің ісін реттейтін уақыт жетті. 2024 жылы денсаулық сақтау саласында 140 миллиардтан астам теңгенің орынсыз шығыны әшкереленген.

– МӘМС жүйесін реформалауды жалғастыру керек! Сонымен қатар бірқатар заңнамалық шара қабылдау қажет. Үкімет Парламентпен бірге міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесін жетілдіру туралы заң жобасын жедел пысықтауы керек. Құжат осы сессияның соңына дейін қабылдануға тиіс! – деді Қ.Тоқаев.

Дәл осы кезде стоматологтар медсақтандыру қорымен шайқасып жатыр. Күресті шығысқазақстандық тіс клиникалары бастаған. Бұл туралы журналистерге ШҚО Кәсіпкерлер палатасының баспасөз хатшысы Надежда Иванченко хабарлады. Бұл мәселені тіс клиникалары ШҚО Кәсіпкерлер палатасының Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі кеңесінің отырысында көтерді.

Мәселенің мәнісі мынада: МӘМС аясында мемлекет есебінен сақтандырылған балаларға, жүкті аналарға және бірқатар басқа санатқа жекеменшік стоматологиялық клиникалар тегін қызмет көрсетеді. Енді олардан былтыр Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры (ӘМСҚ) анестезия қызметі үшін берген ақшаны қайтаруды талап етті. Яғни, 2023 жылы төленген барлық қаржыны кері оралтуға тиіс.

Мұны естіп, естен тана жаздаған тіс клиникалары қарсы өре түрегелді. Сөйтіп, өткен жылды күреспен өткізіпті. Енді қор бір емес, бірден екі жылда – 2023 және 2024 жылдары тісті емдеу кезінде жансыздандыру қызметі үшін аударған ақысын қайтару керектігіне табандайды. Нәтижесінде, әңгіме миллиардтаған теңге туралы болып тұр.

Кеңес отырысында мәлім болғандай, ӘМСҚ өзінен мұны Жоғары аудиторлық палатаның талап етіп отырғанына нұсқайды. ЖАП қорға сыртқы аудит жүргізу қорытындысында осы олқылығын шұқып тұрып көрсетіпті. Ізінше қордың өзі 2023 жылы стоматологиялық қызметтер аясында көрсетілген анестезия қызметтеріне ішкі талдау жүргізген және мемлекеттік аудиторлардың байламымен келіскен.

Бір қызығы, ШҚО Кәсіпкерлер палатасының сұрауына жауап қатқан Жоғары аудиторлық палата жансыздандыру үшін берілген ақшаны өндіріп алу туралы қорға ешқандай рекомендация енгізбегенін мәлімдеді. Сондықтан бизнесмендер қосып жазудан аузы күйген ӘМСҚ-ның асқан сақтық танытып, асыра сілтеп отырғанын айтады.

ТІС ДӘРІГЕРІНІҢ НЕГЕ ТҮСІ СУЫҚ?

ЖАП аудиторлары қаперге салған олқылық неде? Ресми құжаттарда қате өріп жүргенге ұқсайды. Мысалы, бұйрық бойынша тіс емдеу «бір қызмет» ретінде қарастырылады. Ал тариф бойынша тіс жұлу-емдеу қызметі бөлек те, аурусыздандыру қызметі бөлек. Себебі стоматологияда қолданылатын севофлуран (севоран), убистезин, лидокаин, тримекаин, прилокаин, мепивакаин және басқа жансыздандырушы препараттар шығынды қажет етеді, орташа құны 320-1 000 теңге аралығында.

Қордың ШҚО бойынша филиалының директоры Данияр Исеновтің түсіндіруінше, тарифті қалыптастыру кезінде емдеу құрамына барлық қызмет қосылады. Егер тіс клиникалары оған кірмеді деп сылтауратып, анестезиядан бас тартса, бұл олардың өз мойнына алған келісімшарттық міндеттемесін орындамағанын білдіретін болады.

Жалпы, стоматологиялық клиникалардың басшылары радикалды қадамға бармағанын, яғни тегін тіс жұлғызушыларға да анестетик қолданатынын айтады. Қор өкілдері қоңырау шалып, жансыздандырудан бас тартуға болмайтынын түсіндіріпті. Бірақ оның ақысын қор төлегісі келмейді. 2025 жылы төлей ме, төлемей ме, ол да белгісіз. Дүдәмал тірлік, екұдай жағдай, бір кем дүние.

– Шын мәнінде, тарификаторда нақты баға саясаты айқындалған. Онда мысалы, тіс емдеу қызметі – 1 073 теңге, анестезия – 1 400 теңге тұратыны көрсетілген. Анестетиктер жеке шығынды қажет етеді. Онда анестезия қызметі қалай емдеу қызметі құрамына қосылуы мүмкін?! Денсаулық сақтау министрлігінің бұйрығында бұл екеуінің бір қызмет екені айтылмаған. Ол тек министрліктің жауапты бөлімінің түсініктемесінде келтіріледі. Салдарынан ДСМ түсініктемесі ДСМ-нің бұйрығына қайшы келіп тұр. Қор түсініктемені емес, бұйрықты орындауға міндетті, – деді өңірлік Кеңес төрағасы Игорь Шацкий.

Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі кеңес прокуратураға жүгініп, саланы дағдартқан орашолақ әрекетке барғаны үшін қордың медициналық қызмет сапасына мониторинг жүргізетін мамандарының кәсіби деңгейін тексеруді сұрады. Өйткені МӘМС аясында бұған дейін тегін тіс емдеп келген клиникалардың үлкен бір бөлігі енді бұдан ат-тонын ала қашты.

ШҚО Денсаулық сақтау басқармасы тарифтердің тіс клиникаларының шығынын өтемейтінін мойындады. Сондықтан Денсаулық сақтау министрлігі бүгінде медициналық қызметтер ақысын төлеу тетігін жетілдіру мәселесін пысықтап жатқан көрінеді.

Төменгі палатада өткен Медициналық сақтандыру туралы Үкімет сағатында «AMANAT» партиясы фракциясының депутаты Асхат Аймағамбетов МӘМС-ті тозығы жеткен тесік қайыққа теңеді. Мұндай көң-қоқырдан құтылған жөн емес пе?

– Аллегория келтірсем: өзенде жүзіп келе жатқан қайықтың түбі тесіліп, тесіктен лақылдап су құйыла береді. Су тоқтар емес, ал қайықшы тесікті тезірек бітеу орнына қолына шелек алып, тоқтаусыз келіп жатқан суды сыртқа төгумен әлек. Бұл әрине, ештеңе бермейді, еш тиімділігі жоқ. Су ары қарай қайық ішіне жинала береді, батырып тынады. Міне, дәл осындай ауыр ахуал МӘМС жүйесінде орын алды. Яғни, мәселенің өзін жою орнына тек салдарымен күреседі. Жүйелі реформалар орнына уақытша шараларға әуес. Ең бастысы, стратегиялық көзқарас жетіспейді, – деді депутат.

Оның айтуынша, МӘМС-тің қазіргі моделі медицинаны халыққа қолжетімсіз етіп, жүйені шығынға батырып, қаражаттың тиімсіз жұмсалуына соқтырды.

«МӘМС аясында 5 айлық баланың тісін қанқұрттан емдеген! 5 айында әлі тісі шықпаған балада қандай қанқұрт болуы мүмкін? Бұдан да сорақы жағдай: бір адамның 82 тісі емделген екен және соған қаражат төлесін деп клиника қорға тиісті өтініш жіберген. Мұндай мысалдар өте көп. Неге? Өйткені МӘМС бойынша енгізілген қаржыландыру жүйесінің өзі артық қызмет көрсету мен қосып жазуға итермелейді. Қаражат әр емделген адам үшін емес, әр қызмет үшін төленеді. Нормативтер жоқ, цифрландыру жоқ. Клиникалық хаттамалар мен стандарттар бұлыңғыр, былық, – деді А.Аймағамбетов.

САПАЛЫ ПЛОМБА – САПАЛЫ БОЛАШАҚ

Өз кезегінде халық МӘМС аясында тіске тегін қойылған пломба тез түсіп қалатынына шағымданады.

– Бізде бүкіл қалада тек екі клиника балалардың тісін МӘМС аясында тегін емдейді. Бұрын төртеу болатын. Оның өзінде тіс дәрігерлері жиі ауысады. Балаларды түске дейін ғана қабылдайды. Содан апталап, айлап, ұзақ кезек күтуге тура келеді. Қызымның тісі ауырып, әзер қаралдық. Емдеу тез өтті. Алайда пломбасы ертесіне түсіп қалды. Шағымданып қайта барсақ, дәрігер МӘМС аясында жоғары сапалы пломба қою қарастырылмағанын айтады. Мұндай көзбояушылық кімге керек? – деп ашынады ана Бану Оспан.

Қызының тіс ауруы үдеп, өзі жүдеп, жанын қоярға жер таппай, тамақ ішуден бас тарта бастаған соң Бану амалсыз баласын ақылы стоматологияда емдетіп, жарыққатқыш пломба қойғызыпты. Кейбір ата-ананың айтуынша, тегін тіс емдеуге барғанда дәрігердің өзі таңдау ұсынады: не балаға ақысын медсақтандыру өтейтін арзанқол пломба салғызасыз, онда ол шамалы уақыттан соң ізім-ғайым жоқ болады. Немесе жарыққатқыш сапалы пломба қойғызасыз, онда қосымша ақы төлеуіңізге тура келеді.

Мұның мәнісін түсіндірген ӘМСҚ мамандарының айтуынша, Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 27 сәуірдегі №ҚР ДСМ-37 бұйрығымен бекітілген Амбулаториялық жағдайлардағы мамандандырылған медициналық көмек көрсету қағидаларына сәйкес, МӘМС аясында «КМХО-пломба» (бұйрықта солай жазылған, бұл «химиялық катайтылған композиттік материал») қолданылады.

«Мұның себебі сол, көпшілік жағдайда балалардың «уақытша» тісі (сүттісі) пломбаланады. Ол тіс артынша бәрібір түсіп қалады. Олай болса, жарыққатқыш пломбаны (светоотверждаемая пломба) пайдалану экономикалық тұрғыдан орынсыз. Жарыққатқыш пломбаны бірде бір отандық тауарөндіруші жасамайды. АҚШ, Германия, Жапония және басқа шет елден импорталады. Сондықтан оның бағасы қымбат», – деп хабарлады қор өкілдері.

Біріккен Қазақстан стоматологтар қауымдастығы сарапшыларының түсіндіруінше, балаларда 13-14 жаста сүттістерінің орнын тұрақты тістердің басуы аяқталады, екінші моляр (Molar) тістері өсіп шығады, түпкілікті тістем-прикусы түзіледі. Демек, мемлекет МӘМС аясында жасы 13-тен асқан балалардың мүддесін ескермейтін болып шығады.

Денсаулық сақтау бірінші вице-министрі Тимур Сұлтанғазиев депутаттар сауалына жауабында стоматологиялық қызмет көрсетуде жарыққатқыш пломбаны қолдану мәселесі пысықталатынын жеткізді.

– Бүгінде МӘМС жүйесінде химиялық қатайтылған композиттік материалдан жасалған пломбаларды пайдалану ғана қарастырылған. Химиялық қатаятын композит стоматологиялық емнің сапасын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді және балаларға қолдану үшін ұсынылады. Халықтың қажеттіліктері мен өтініштерін ескеріп, министрлік МӘМС шеңберінде жарыққатқыш пломбаларды қолдануды стоматологиялық қызметтер тізбесіне енгізу ұсынысын қолдайды, – деді Денсаулық сақтау министрінің бірінші орынбасары.

Бірақ ол қашаннан, қай күннен бастап қазақстандық балалар тісіне осы сапалы импорттық пломбаны қойғыза алатынын айтпады. Ол тек КМХО (химиялық) пломбаға қарағанда, жарық көмегімен қатайтылатын пломбаларды қолдану қымбатқа түсетінін және бюджеттен шығынды қажет ететінін алға тартты. Сондықтан бұл өзгеріс, оның айтуынша, «қосымша есептеулер мен қаражатты талап етеді».

– Осыған байланысты МӘМС шеңберінде халықтың нысаналы топтарына көрсетілетін қызметтер тізбесіне жарықпен қатайтылатын пломбаны қолдана отырып қызмет көрсетуді қосу мәселесі – тариф-құнды қалыптастыру нәтижелері бойынша шешілетін болады. Ол құнды түзу бюджет мүмкіндігіне қарай, 2025 жылға арналған медициналық қызметтерге тарифтерді қайта қарау жөніндегі жұмыс аясында жоспарланған, – деді Тимур Сұлтанғазиев.

Биылғы бюджетте жарыққатқыш пломбаны енгізуге қаражат қарастырылмағанын айта кету керек. Мұның сыртында 2025 жылы ел Үкіметі алдына бюджетті барынша үнемдеу міндеті қойылды. «Үкімет қаншалықты қиын болса да жаппай үнемдеуге көшіп, бюджет қаржысын тек қана аса өзекті мәселелерді шешуге жұмсауы керек. Көрпеге қарай көсілетін уақыт келді! Орынсыз шығынды тоқтатып, аяғымызды тартып басу қажет», – деді Президент.

Үкіметтегі ағалар үнемдеудің жөні осы екен деп, ел ертеңі – балаларды шөміштен қақпайды, сырқаттарды «аяғын тартып басуға» мәжбүрлемейді деп үміттенеміз. Сапалы пломбаны енгізуге ӘМСҚ-ның триллиондары да жетер еді. Бұл – болашақта қазақ елі «тіссіздер еліне» және әлемдік әжуа нысанасына айналмауы үшін өмірлік маңызды.

Елдос СЕНБАЙ

ЖАҢАРҒАН ЖОЛДАР – НАРЫҚТЫҢ КҮРЕТАМЫРЫ

«Жол азабын жүрген білер» демекші, оңтүстіктен солтүстікке, шығыстан батысқа созылып жатқан тарам-тарам жолдардың сапасы соңғы жылдары жиі сынға ұшырап жүрді. Мемлекет басшысы да жыл басында көлік-логистика саласына ерекше назар аударып, бұл бағытта одан әрі даму үшін айтарлықтай әлеует бар екенін айтқан еді. Жақында өткен отырыста Үкімет мүшелері Президенттің осы тапсырмасын пысықтап, еліміздің көлік инфрақұрылымын жаңа деңгейге көтеру мәселелері кеңінен талқыланған болатын. Қазір Қазақстанда 95 мың шақырымнан астам жол желісі болса, соның 25 мыңы – республикалық маңызы бар автотрассалар, ал қалғандары жергілікті жолдарға жатады. Бұл жолдардың «өткені» баршаға мәлім, бүгіні мен болашағы қалай?

Кәмила ДҮЙСЕН

Көлік министрлігінің мәліметінше, 2024 жылы 12 мың шақырым жолға құрылыс-жөндеу жұмыстары жүргізілген. Оның 8 мың шақырымы – республикалық, 4 мыңы жергілікті жолға жатады. Сүйінші жаңалық – еліміздегі ұзындығы 7 мың шақырымды құрайтын ірі автожол жобалары аяқталып, стратегиялық маңызды нысандар пайдалануға берілді. Оның ішінде Бұқтырма су қоймасы арқылы өтетін көпір, Шамалған стансасын айналып өтетін жол өтпесі, Түркістан облысында орналасқан еліміздегі алғашқы туннель де бар. Сондай-ақ ұзаққа созылған жол құрылыстары саналатын Алматы мен Қарағандының, Талдықорған мен Өскеменнің және Ақтөбе – Атырау – Астрахан араларындағы жолдар ашылып, Қазталов – Жәнібек және Өнеге – Сайқын сияқты негізгі магистралдар қолданысқа енді.

«Өткен жылдың қорытындысы бойынша республикалық жолдардың қалыпты жағдайы – 93%-ға, жергілікті жолдар жағдайы 89%-ға жетті», – деді Көлік министрі.

Ведомство басшысы биыл 13 мың шақырым жол жөндеу жұмыстарымен қамту жоспарланғанын жеткізді. Қазір жаңа жобалар бойынша құрылыс маусымы басталғанға дейін мердігерлерді анықтау үшін конкурстық рәсімдер жүргізілуде.

«Айта кететін мәселенің бірі – отандық мердігерлерге қолдау көрсету, яғни жобаның орындаушысын анықтау барысында қазақстандық немесе Қазақстаннның шетелдік компаниялармен бірлескен консорциумдарына басымдылық берілетін болады. Бұл отандық компаниялардың одан әрі тұрақты дамуына ықпалын тигізеді. Осы сұрақ Халықаралық қаржы институттарымен толығымен келісілді», – деп атап өтті Марат Қарабаев.

Оның айтуынша, Солтүстік Қазақстан, Ақмола және Абай облыстарында ең ауқымды жұмыстар жоспарланған. Сондай-ақ 30 жылдан бастап 50 жылға дейін жөндеу жүргізілмеген Петропавл мен Жезқазған, Қандыағаш – Шалқар, Жаңаөзен – Түркіменстан шекарасы, Қарағанды – Аягөз – Боғас жолдары толығымен жөндеуден өткізіледі.

«Жол жүрген жетер мұратқа» демекші, саладағы бүгінгі өзгерістер – кешегі бастамалардың жемісі. Оны Logistics Performance Index (LPI) рейтингінен көруге болады. Оған сәйкес, еліміз «көлік инфрақұрылымы» қосымша индексі бойынша 2018 жылғы бағалаумен салыстырғанда өз позициясын жақсартып, 138 елдің ішінде 80-орынға ие болған.

Алайда Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы ҚСЗИ-дің жаһандық экономика және тұрақты даму бөлімінің басшысы Ерлан Жақыповтың пайымдауынша, позицияны одан әрі нығайту және жүк тасымалы көлемінің өсуін ынталандыру үшін айтарлықтай капитал салымдарын тарту қажет.

«Еуропалық қайта құру және даму банкінің (ЕҚДБ) болжамы бойынша, Орталық Азияның көлік инфрақұрылымын айтарлықтай жақсарту үшін қажет жалпы инвестиция көлемі Қазақстан үшін 5,5 млрд еуроны, ал аймақ бойынша жалпы 18,5 млрд еуроны құрайды. Осылайша, көлік-логистикалық инфрақұрылымды одан әрі дамыту елдің жаһандық нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін арттырудың және оны әлемдік экономикалық процестерге интеграциялаудың негізгі факторы болып табылады», – дейді ол.

Құрылысты аяқтау бар да, оны күтіп баптау бар. Ол да қаржыландыруды қажет етеді. Сондықтан бюджетке түсетін жүктемені азайту және өзін-өзі ақтау мақсатында реконструкция және жөндеу жұмыстары аяқталған учаскелерде «ақылы» статусын кезең-кезеңімен енгізу жалғасуда. Қазір республика бойынша ұзындығы 3,2 мың шақырым ақылы жол жүйесі жұмыс істейді. Ресми деректерге сүйенсек, 2024 жылы түсім 48 млрд теңгені құраған. Биыл қосымша 4 мың шақырым ақылы учаскелер енгізілетін болады, олардан келетін түсімдер көлемі биыл 60 млрд, ал келесі жылы 100 млрд теңгеге дейін жетеді. Бүгінде осы ақылы жолдардан түскен қаражаттың бір бөлігін құрылыс жұмыстарына алынған қарыздардың пайыздық мөлшерлемелерді өтеуге жұмсау мәселесі қарастырылуда.

Автожолдар өміріміздің күретамырына айналғаны рас. Сол себепті дүниені шарлаған технологиялық революциядан бұл сала да бас тарта алмайды. Бұл туралы Мемлекет басшысы да E-Joldar бірыңғай цифрлық платформасын құрып, қолданыстағы цифрлық жүйелерді интеграциялау қажеттігін айтқан. Қазір жоба тексеру жұмыстарын жүргізу үшін пилоттық режимде іске қосылды. «ҚазжолҒЗИ» вице-президенті Ерік Әмірбаевтың айтуынша, мұндай тәсіл платформа сала қатысушыларының нақты қажеттіліктеріне сәйкес келуі үшін қажет. Пилоттық режим әзірлеушілерге жүйенің мүмкіндігінше пайдалы болуы үшін қандай мүмкіндіктерді нақтылау керектігін жақсы түсінуге көмектеседі.

Сондай-ақ 2027 жылы «Қолжетімді интернет» ұлттық жобасы аясында республикалық және облыстық жолдардың 100%-ы мобильді интернетпен қамтылмақ. Бұл туралы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Жаслан Мәдиев мәлім етті.

Қазақстанның жол саласын дамытуға бағытталған бұл жоспарлар көлік инфрақұрылымын жаңғырту, өңірлерді байланыстыру және экономикалық өсімді ынталандыру тұрғысынан маңызды екені шындық. Сондықтан мұндай ірі жобалардың жүзеге асырылуы, жол сапасын бақылаудың күшеюі, сондай-ақ отандық мердігерлерді қолдау ел ішінде тұрақты жұмыс орындарының ашылып, бәсекеге қабілеттілікті арттыратыны сөзсіз. Сонымен қатар цифрландыру тиімділікті арттырып, ұзақмерзімді перспективада тұрақты даму үшін алғышарттарға жол ашады.

ҚҰҚЫҚ

6 АҚПАН 2025 | БЕЙСЕНБІ

АЛАЯҚ АЙЛАСЫН АСЫРМАСЫН

Елдар ҚАБА (коллаж)

Фишинг, дроппер, сим-бокс, кибервирус, анти-фрауд, онлайн-сауда, жалған несие, жалған инвестиция, үлескерлер, қаржы пирамидасы, криптовалюта, инвестиция, кибер-қалқан және тағы басқалар. Бұл алаяқтықпен күресте жиі кездесетін сөздер. Олардың мазмұнына қарап, қазір ең бір ушығып тұрған бұл құбылыстың түрі мен сипаты күрделі екенін айқын көруге болады. Ал мұнда миллиардтап айналып жатқан сомалар оның ауқымын көрсететіндей. Ендеше елімізде алаяқтық ахуалы қандай? Онымен күрес қалай жүруде?

Нұрлан ҚОСАЙ

ЦИФРЛАРҒА СӨЗ БЕРСЕК...

Былтыр елімізде алаяқтық қылмысы шамалы көбейген екен. 2023 жылы 44 786 дерек тіркелген болса, 2024 жылы ол 45 156-ға, яки +0,8%-ға өскен. Бұл ретте интернет-алаяқтық 5%-ға (21 777-ден 22 870-ке дейін) артқандығын атай кету керек. Қазақстандықтар оларға 11,4 млрд теңгесін онлайн аударып жіберген. Бұл алдыңғы жылмен салыстырғанда 2,8 есе көп. 2023 жылы бұл сома 4 млрд болған. Finprom.kz сайтының хабарлауынша, былтырғы соманың түгелге жуығын, яки 11 млрд-ын жеке тұлғалар беріпті, ал қалғанын заңды тұлғалар (385 млн теңге) беріпті, тіпті алданғандардың ішінде мемлекеттік мекемелер де бар екен, олар 8,4 млн теңгесінен айырылған. Енді осы ақшаның тек 36,6%-ын қайтару мүмкін болған екен, қалған 7 млрд теңге алаяқтардың қалтасында кеткен.

Сарапшылар келтірілген шығынды өндіріп алу мүмкіндігінің аз екендігін айтады. Бас прокуратураға қарасты Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің мәліметінше, былтыр 22,9 мың қылмыстық іс тіркелген болса, оның 81,8%-ы кінәлі адам табылмағандықтан тоқтатылған. Бір өкініштісі бұл тенденция соңғы бірнеше жыл қатарынан сақталып отыр. 2019 жылдан бері алып қарасақ, ашылмай қалған қылмыстық істер үлесі жыл сайын 71-79%-ды құрайды екен. Құқықтық статистикалық есептерге сәйкес, интернеттегі алаяқтықтың ең көп таралған түрі, яки 26%-ы – азаматтардың жеке деректеріне рұқсатсыз қол жеткізу. Былтыр тәртіп сақшылары осындай 6,5 мың қылмыстық іс қозғаған. Сол сияқты қызметтерді (5,5 мың) және тауарларды (5,2 мың) онлайн сатып алудағы алаяқтық та кең тараған. Былтырғы жылы құқық қорғау органдарына онлайн несие алғысы келіп, алданып қалған қазақстандықтар (3,9 мың) жиі хабарласқан екен.

Сол сияқты қазақстандықтар былтыр қаржы пирамидасына да 20 млрд-тан астам теңгесін салып жіберіпті. Қаржылық мониторинг агенттігі 2024 жылы 42 қаржылық пирамиданы жойып, 13 млрд теңгеден астамын қайтарған екен. Нәтижесінде, 78 адам сотталған.

КҮРЕС КҮШЕЙІП КЕЛЕДІ

Әрине, ашылмаған қылмыс саны көп дегенмен де, тиісті органдар қол қусырып отыр деуге болмас. Бірақ теріс тенденцияны еңсере отыра алмай отырғаны шындық, оны әділ атай кеткен жөн. Әйтсе де, қабылданған кешенді шаралар алаяқтықты жеңбесе де, тойтаруға жарап тұр. Бір сөзбен айтқанда, жылдан-жылға күрес күшейіп келеді. Бұл бағытта Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Бас прокуратура, Ішкі істер министрлігі, Сыртқы істер министрлігі және Ұлттық банк деңгейінен бастап, одан бергі Қаржылық мониторинг агенттігі, Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі және мобильді операторлар бар барлығы жұмылып жұмыс істеуде. Мәселен, 2024 жылғы шілдеде Ұлттық банктің негізінде «Алаяқтыққа қарсы орталық» құрылған екен. Оған банктер бар, ірі микроқаржылық ұйымдар және Ішкі істер министрлігінің аумақтық бөлімшелері бар 60-тан астам ұйым қосылған. Мұндай бірлестік заңсыз транзакцияларды уақытында анықтауға және жедел бұғаттауына, тараптардың нақты уақыт режимінде ақпарат алмасуына мүмкіндік береді. Осы қызметіне кіріскен жарты жылда «Алаяқтыққа қарсы орталық» 1,2 миллиард теңгенің аударымдарын бұғаттап, алаяқтарға 81 миллион теңгені өз еркімен қайтартқан.

«Былтырғы жылы негізсіз байығаны үшін «дропперлерден» азаматтық тәртіпте ақшалай қаражат өндіріп алу практикасы енгізілді. Мәселен, Павлодар облысында соттың 83 шешімі бойынша 110 миллион теңге, Шығыс Қазақстан облысында 100 миллионнан астам теңге өндіріп алынды. Сонымен қатар байланыс операторларымен бірлесіп SIM-бокстарын анықтау әдістемесі әзірленді (оның иелерін сәйкестендірместен, шетелден интернет арқылы қоңырау шалуға мүмкіндік беретін жабдық). Ішкі істер министрлігі 19 құрылғы мен 6 мыңнан астам SIM картаны анықтап, тәркіледі. Сонымен бірге алаяқтықпен күресу мақсатында бірқатар заңнамалық түзетулер қабылданды», – делінген Бас прокуратураның баспасөз қызметі таратқан хабарламада.

Сол сияқты қазақстандықтарды алдап шетел асқан алаяқтарды ұстау жалғасуда. Мәселен, былтырғы қаңтар айында Қазақстаннан тыс жерде бой тасалап жүрген 11 күдікті ұсталған. Бұл Ішкі істер министрлігінің ТМД елдеріндегі құқық қорғау органдарымен бірлесіп жүргізген жұмыстың нәтижесі. Ал Бас прокуратураның тікелей үйлестіруімен банктерге және телекоммуникация операторларына қатысты 30 қылмыстық іс тіркелген. «Сонымен қатар алаяқтық схемаларын жарнамалайтын 15 мыңнан астам сайт пен аккаунт бұғатталды, WhatsApp, Telegram және Instagram мессенджерлерінде 327 чат жабылды, бұл 2 миллионнан астам азаматтың қаржылық шығындарының алдын алуға мүмкіндік берді.

Сол секілді Ішкі істер министрлігі де қарсы күрес шараларын кең ауқымда жүргізуде. Мәселен, соңғы үш жылда интернет-алаяқтардан зардап шеккен азаматтар саны 50 мыңға жуықтаған. 2022 жылдан бері интернет алаяқтығы бойынша 15 000 жуық қылмыстық іс аяқталып, кінәлілер тиісті жазасын алған. Онлайн-алаяқтық жасау ресурстары көп ретте шетелдік техникалық алаңдарда орналасқандықтан жедел бұғатталады екен. Осы ретте олар Antifraud.kz, КиберЩит.kz сынды сайтты тексеру қызметтерін пайдалануға, тауарлар мен қызметтерге ақы төлеу кезінде деректемелерді ресми сайттарда көрсетілгендермен салыстыруға, күмәнді сілтемелерге өтпеуге, күмәнді сайттарға банк карталарының деректерін енгізбеуге шақырады.

> **«Ең басты мәселе – халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру. Сонда ғана азаматтар алаяқтардың «тұзағына» оңай түспейтін болады. Бізге экономика мен қаржы негіздерін біліп қана қоймай, базалық цифрлық дағдыларға ие болу қажет. Сонымен қатар алаяқтар қолданатын схемалармен таныс болғаны керек.**

АЛАЯҚТАРДЫҢ СУРЕТІН ЖАРИЯЛАУ КЕРЕК

Қазір аттап бассаң алаяқтар тұзақ құрып қойған. Күніне бір рет болса да не тікелей, не жанама осындай жайтпен кездесіп қалатынымыз жасырын емес. Бұл алаяқтардың даңдайсып кеткендігін білдіреді. Ал құзырлы органдардың олардың алдында әзірге шарасыз екені іштей қынжылтады. Тіпті, оның салдары қоғамда адамдардың бір-біріне деген сеніміне селкеу түсіріп тұр. Әрине, мұнда бірінші кезекте технологияның қарыштап дамуы, соның ішінде жаһандану мен цифровизация үлкен рөл ойнап отыр. Сондықтан бұл тұста әлде де болған профилактикалық және превентивті шараларды нығайта түсу қажет.

«Ең басты мәселе – халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру. Сонда ғана азаматтар алаяқтардың «тұзағына» оңай түспейтін болады. Бізге экономика мен қаржы негіздерін біліп қана қоймай, базалық цифрлық дағдыларға ие болу қажет. Сонымен қатар алаяқтар қолданатын схемалармен таныс болғаны керек. Мәселен, қаржы пирамидалары жоғары пайызбен, айталық жылына 100%-ға дейін жеңіл пассивті табыс табуға шақырады. Әлеуметтік желілерде, интернеттегі жарнамасын қарқынды түрде жүргізеді. Сондай-ақ жобаны ұйымдастырушыны «тірілей» ешкім көрмейді. Көрсеңіз де онлайн режимде сөйлесуіңіз мүмкін. Ал құжаттар заңды түрде рәсімделмеуі, рәсімделген күннің өзінде қаржыны жоғалту тәуекелдері туралы шарттар жазылмайды», – дейді ҚМА Превенция және аналитикалық әзірлемелер департаментінің превенция басқармасының басшысы Андрей Давыдов.

Оның айтуынша, Қаржылық мониторинг агенттігі банктермен тығыз жұмыс жүргізуде екен. Оларға «типология» деп аталатын қаржы пирамидасының күдікті сипатын айқындайтын арнайы критерийлер әзірлеп берген. Өйткені пирамида салымшыларының қаржылық ағындарын әу бастан көріп отыратын ұйым – банктер. Мәселен, олар бір адамға немесе компанияға көптеген азаматтан бірдей сома түскенін және ол ақшаның бір бөлігі біреуге қайтарылғанын көрген кезде, бірден агенттікке хабарлайды. Осылайша, олар қадағалауға алынады. Профилактиканың бір тәсілі осы. Ал ендігі бір тәсілі – алаяқтардың суретін жариялау.

«Таяуда жемқорлардың тізімі жария болатыны туралы хабарланды. Заң қабылданса, біз пара берген немесе алған кезде ұсталған адамдарды интернеттен ашып қарап көре алатын боламыз. Сол сияқты алаяқтардың да суретін жариялау қажет. Сотталды ма, кінәсі дәлелденді ме, оның алаяқ екенін ел көрсін, халық білсін. Жемқорларға қоғам тарапынан «шеттету» әдісін оларға да қолдану керек. Себебі олар ең қасиетті ұғым – «сенім» деген нәрсеге селкеу түсіріп, адал қоғамды дамытуға кедергі жасап отыр. Қаржы пирамидаларының тізімін жариялаған кезде, алаяқтардың да тізімін неге жарияламасқа. Сол кезде олардан адамдар сақтанып жүретін болады», – дейді алматылық қоғам белсендісі Нұрия Оразова.

Оның айтуынша, алаяқтыққа адамдар екі жағдайда барады екен. Біріншісі – мақсатты түрде тікелей, екіншісі – жанама. Мәселен, ол қаржы пирамидаларының салымшыларын солардың екіншісіне жатқызады. Өйткені компания қаржы тартқан кезде олар бірінші болып кірсе ақшасын қайтарып алатынын білетін болуы мүмкін, сондықтан табыс тауып қалу үшін пирамиданың жұмысына атсалысады. Болмаса, ақшасынан айырылып қалатынын түсінген кезде, пирамиданың «схемасын» пайдаланып, яки адам тартып, насихатын жүргізіп, белгілі бір деңгейде өз еркінен тыс «сыбайлас» болуға мәжбүр болады. Сондықтан осындай істі қараған кезде оның алғашқы салымшыларының да қаншалықты кінәсі барын анықтау керек, егер сондай пиғылы болғаны анықталса, жазасыз қалдырмау керек екенін айтады ол.

ҚЫЛМЫСТЫҢ ТҰСАУЫ – ТӘРТІП

Тәуелсіздік таңы атқан тұста ел еңсесін тіктей алмай, талай қиындықты бастан кешіргені жасырын емес. Өндіріс орындары жұмысын тоқтатып, шағын қалалар мен елді мекендерден халық үдере көшті. Бас сауғалаған бұқара облыс орталықтарына бет түзесе, Талас пен Сарысу аудандарындағы Жаңатас пен Қаратау қалаларында Кеңестік кезеңнің елесі кезіп қалды. Алайда кейінгі онжылдықтар бедерінде аталған шаһарлар «моноқала» мәртебесіне ие болып, бойына қайта қан жүгіре бастады. Бұзылған көпқабатты үйлер бүтінделіп, кезінде даңқы бүкіл Одаққа дүркіреген фосфор өндірісі қайта өрістеді. Осылайша, қала қалыпты өміріне оралғанымен, Одақтың ыдырауы мен тоқсаныншы жылдардың тоқырауынан қалған қылмыс көрсеткіші әлі алаңдарлық күйде. Оған біз жуырда Жаңатас қаласында болған жантүршігерлік оқиғада тағы бір мәрте көз жеткіздік.

Саятхан САТЫЛҒАН,
Жамбыл облысы

Алдын ала мәліметке сүйенсек, Жаңатас қаласында балабақша тәрбиешісі болып жұмыс істейтін тұрғын таңертең баласының оқу ақысын төлеу үшін Тараз қаласына жолға шықпақ болады. Алайда көшеде келе жатқанда оның алдынан ер-азамат шығып, ақша сұраған. Ақша беруден бас тартқан әйелдің басынан таспен бірнеше мәрте ұрған еркек марқұмның денесін теміржол маңына сүйретіп апарып, өртеп жіберген. Ал ең соңғысы қылмыскер әйелдің қолындағы екі сақинасын шешіп алып, оны көңілдесіне апарып берген. Кейін екеуі оны ломбардқа өткізіп жіберген.

Үйден шығып кеткен жарына түс ауа хабарласқан жолдасы оның телефоны сөндіріліп тұрғанын байқап, бастапқыда баласы екеуі өз бетінше іздестірген. Алайда бұл әрекеттерінен еш нәтиже шықпағаннан кейін полиция бөліміне арыз түсірген. Жедел іздестіру шаралары барысында тәртіп сақшылары қала сыртындағы теміржол маңынан өртенген әйелдің мәйітін табады. Жеке заттарынан іздеу жарияланған әйел екенін анықтаған полиция қызметкерлері қылмыстың ізін суытпай 34 жастағы жаңатастық тұрғынды құрықтаған.

«Қазір осы іске қатысты тергеудің толықтығына, объективтілігіне және жанжақтылығына бағытталған барлық қажетті жедел тергеу іс-шаралары жүргізілуде. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің 201-бабына сәйкес, өзге де ақпарат тергеу мүддесінде жария етілуге жатпайды», – дейді облыстық Полиция департаментінің баспасөз хатшысы Гүлсара Мұхтарқұлова.

Әрине, тергеу амалдарына байланысты істің барысы құпия сақталатыны белгілі. Алайда жаңатастықтардың айтуынша, марқұм өзін өлтірген күдіктіні таныған екен. «Дача» деп аталатын тұрғын алапта ұсталған күдікті әрдайым ішімдік ішіп жүрген. Сол күні таңғы сағат 6:30-дар шамасында көпір астынан өтіп бара жатқан әйелге күдікті мас күйінде жолыққан. Араққа ақша сұраған маскүнемді қуып жібермек болғанда марқұмның басынан ол таспен ұрған. Саусағындағы екі сақинасын шешіп алып, шала жансар жатқан әйелді өртеп жіберген. Полиция қызметкерлері қылмыс орнын анықтағанда әйелдің екі аяғын ғана күйік шалмаған екен. Қалған жерлері толықтай өртеніп кеткен. Аталған мәйіт іздеу жарияланған әйел екенін де тәртіп сақшылары өртенбеген екі аяғы арқылы анықтапты. Ал күдікті қолға түскенге дейін 9 адам тергеуге алынған. Ал бұл қылмысқа қатысы бар деген шын күдіктіні полицейлер ломбардқа өткізілген сақина арқылы ұстаған.

Бұл Жаңатас қаласында қылмыстық ахуал әлі де алаңдарлық күйде екенін айғақтап тұрғаны анық. Себебі бейресми мәлімет бойынша, күдікті араққұмарлар тізімінде тұрған. Сондай-ақ оның психикалық ауытқуы да болған. Ал мұндай адамдар тәртіп сақшыларының жіті бақылауында болуы керек.

Негізі, бұл тек Жаңатас қаласында ғана болып жатқан жағдай емес. Жаңатасқа іргелес орналасқан Қаратау қаласында да алдыңғы жылы жантүршігерлік оқиға тіркелген болатын. 37 жастағы азғын 8 жасар қызды зорлап, оның денесін өртеп жіберген еді. Ең соңғысы күдікті қыздың өлі денесін қапқа салып, қала көшелерінен велосипедпен алып өткен. Кейін денені резеңке баллонға салып, өртеп жіберген. Тергеу барысында күдікті 8 жасар қызды Өнер мектебінен алып кетіп, азғындық ісін жүзеге асырғаны белгілі болды. Кейіннен ұсталған азаматтың тағы 12 жасар қызға азғындық жасамақ болғаны анықталып, алайда балғынның ата-анасы ол оқиғаны жария етуден бас тартқан еді.

Шыны керек, сол кезде кішкентай қыздың өлі денесін қала көшелерімен алып өткен қылмыскердің әрекеті тәртіп сақшыларының өзін таңғалдырған болатын. Ал Қаратау қаласы да тәуелсіздік таңынан кейін құлдырап барып, қайта жаңғырған моноқаланың бірі. Демек, аталған шаһарларда әлі күнге заң емес, азғындар мен қатыгез қылмыскерлер дәуірі жүріп тұр деген сөз. Әйтпесе, мұндай жаға ұстатар қылмысқа адам баласы бармас еді.

Негізі, Кеңестік кезеңде Жаңатас пен Қаратау қалалары тікелей Мәскеуге бағынғаны туралы дақпырт бар. Одақ тұсында, тіпті түкпір-түкпірден жиналған ең ауыр қылмыскерлер де осы монақалалардағы түзеу мекемесінде болған көрінеді. Нәтижесінде, қылмыс әлеміндегі серкелер «үлкендердің батасын алу» үшін осы қалаларға ағылып отырған. Міне, осы қылмыскерлер дәуірінің ұшқыны әлі күнге сақталған секілді.

– Кеңес одағының тұсында Қаратау қаласында 60 мыңдай халық тұратын. Қазір 25 мыңнан сәл асады. Моноқаладан көшу әлі күнге саябырсымай тұр. Тәуелсіздігіміздің 33 жылында моноқаладан бірде-бір мәдениет үйі тұрғызылмады. Шаһарда қалалық кітапхана салынып, енді пайдалануға беріледі дегенде қаржы жоқтығынан сол күйі ашылмай қалды. Қараусыз қалған ғимарат тоналып, жермен-жексен болып тегістелді. Бұдан бөлек, қаладағы 9 қабатты екі тұрғын үйді жөндеуге келгенде біреуінің шатырын жауып, екіншісіне қаражат жетпеді ме, ол да аяқсыз қалды. Қос тұрғын үйдің сегізінші және тоғызыншы қабаттарын жақсылап күрделі жөндеуден өткізіп, есік-терезелерін бүтіндеп, үй кезегінде тұрған жастарға неге бермеске?! – дейді қала тұрғыны А.Аққошқаров.

Тұрғынның айтуынша, сонымен қатар қалада оқушылар мен жастарға арналған мәдениет нысандары жоқтың қасы. Қаладағы мектептерде түрлі үйірме ұйымдастыру өз деңгейінде емес. Қаратау қаласындағы мәдениет үйінде қалалық орталық кітапхана орналасқанымен, бұл кітапхана жастардың сұранысына сай келмейді. Сондай-ақ қаланың орталық көшелерінің бірінен «Жастар театрын» салатын кез келді. Руханият ордасы өсіп келе жатқан жастар үшін тәрбие ошағына айналары сөзсіз.

Жаңатастық қариялардың да жанайқайы осы – моноқаладан жастарға, тұрғындарға арналған мәдениет ошақтары көптеп салынса игі. Сондай-ақ жұмыссыздықпен күреске де күш салу керек. Сол кезде халықтың көшуі саябырсып, қылмыстық ахуал да тұрақталатынына сенімді.

Бұл тұрғыда моноқалаларда тәртіп сақшыларының да жұмысын ширату қажет. Ұсақ-түйек қылмыстардың бетін ашып, «сұлу» статистиканы сөйлетпей, ауыр қылмыстардың алдын алған жөн. Ол үшін бұрынғы жазасын өтеп шыққандар мен қылмысқа бейім тұратын жастармен жұмыс жүргізген абзал. Сонда ғана ел үрейі үмітке айналары анық.

КЕЛБЕТ

6 АҚПАН 2025 | БЕЙСЕНБІ

Жұматай десе...
Жұматай десе, адуынды асқақ жырлар, тау суындай қуатты талант, тасқа тұнған тұмадай тұнық махаббат еске түседі. Бекзат болмысты, дегдар ділді, текті тілді ақынның жүрегі өзі қалдырған кірпияз көңілінің күнделігі іспеттес кітаптарынан келешекке үн қата соғып тұр. Періште-көңілмен күн кешіп, пенде болып тумаған, алты атанға жүк болар, арзан атақ қумаған, бойында «Кенежирендей» асқақ рух тулаған ақын Жұматай Жақыпбаевтың туғанына биыл – 80 жыл. Санаулы ғұмырын сал-серідей салтанатпен өткізіп, қағанат құрып, қаған болған, өзінен кейінгі қаламдас іні-қарындастарына сүйеніш-баған болған ақын жайлы көп дүниені қаузауға болады. Бүгін біз ғазал-ғұмыр кешкен ақын рухына тәу ете отырып, дәуірлерге жалғасар дегдар-жүректің дүрсіліне құлақ түріп көрмекпіз.

СІЗДЕЙ АҒА БОЛМАЙДЫ *енді өлеңде...*

Наурызбек САРША

ЛӘЙЛӘ

Жұматай десе, Данте мен Петрарканың алғаусыз махаббатын сөз етеміз. Студент кезімізде пышақтың қырындай ғана Петрарканың «Лаура» атты кітабын қолға түсірдік. Кітап екі бөлімнен: «Лаураның өмірінен», «Лаураның өлімінен» тұрады. Сондағы бар ғұмыры мен ғазалын бір музаға арнаған ақынның жүрегіндегі кеңістіктей шексіз махаббаттың маздап жанған отын көріп таңдай қақтық. Бұл сезімді Жұматайды оқығанда тағы кештік. Иә, әлем әдебиетінде бір сұлуды ғұмыр бойы жырлап өткен ақындар аз емес. Мәселен, Лермонтовтың Лопухинасы, Дантенің Беатричесі, Гетенің Гретхені секілді мысалдарды көптеп келтіруге болады. Ақынның өзі «Сүйеніш» атты өлеңінде: «Балаң болсын өлеңіннің жолдары, Сол бейнеден көз жазба, – деп – киелі», – Мені Данте Алигьери қолдады, Франческа Петрарка сүйеді, – деп әлем әдебиеті тұлғалары жауһарларының өмірі мен парасатын адамдық ұстанымына айналдыра білгендігін паш етеді. Жұматай Жақыпбаевтың 70 жылдығына арнаған жазбасында сыншы Әуезхан Қодар болса: «Ал егер Жұматайды әлемдік поэзияда кіммен салыстыруға болады десеңіздер, мен оны Данте, Петраркамен емес, тіпті «Мухаббат наме» жазған Хорезмимен де емес, ұрым (ежелгі Римді айтады – ред.) ақыны, әлем поэзиясындағы алғашқы лирик Гай Валерий Катуллмен салыстырар едім. Әрине, ол Катулл сияқты ашық эротикалық өлеңдер жазған жоқ шығар, бірақ Катулдың өзі мұндай инабат онша сақталмайтын поэзияға махаббат азабынан келген жоқ па? ...Ол Ләйләмен бір сәт кездескені болмаса, өмірі бірге болған емес. Ләйлә ол үшін әрқашанда пендеуи тіршіліктен бөлек, аспани, тәңіри әлем болды», – дейді.

Десек те, Жұматайдың Ләйләсі көне шығыс суфизмінен көш тартқан ғасыл махаббаттың бір көрінісі іспеттес. Мұны кезінде әдебиетші, сыншы, жазушы Айгүл Кемелбаева да жеріне жеткізе талдаған еді. Жазушының «МӘЖНҮН–ЖҮРЕК» атты эссесінде Ләйлә есіміне тоқталып, оның құдайлық мәніне тоқталады. Ақынның өзі: «Гәнжәуи жазған жырдағы қызбен аттас ең, О, Ләйлә, егер болмасаң өзің өмірде, Басқа мұратты бас қатырсам да таппас ем», – дейді. Айгүл Кемелбаева: «Жұматай Жақыпбаев шұғылалы сұлу ақын, ол емеспін десе де Мәжнүні тағы өзі ғой, ақындар жазмышынан озмыш кеткен жоқ. Ләйлі – нағыз ақындар тегіс сүйген өлең Ару, зікір салу. Ақан сері «Ләйлім-шырақ» деп сәулеге теңейтін арманға арзу. Құлагер кезіккен соң Ақан серіні дәруіш болмады деп кім таласар. Дәруіштік қарғыс емес, бата десек ше... Руми поэмасында Ләйлі-Мәжнүн образы эпикалық, хиссалық емес, притчалық, эпизодтық түрде берілген. Низами 1209 жылы дүние салды. Ол 12 ғ. өмір сүрді. Низамидің ірі зерттеушісі А.Бертельс былай дейді: «Ибн-аль-Араби (Испанияда өмір сүрген) 13 ғ. басында былай деп үйретті: «Көркем әйелден Құдай бейнесін тану хақ» («Видение бога в прекрасной женщине – самое совершенное»). Осы уақытта (11-12 ғғ.) ескі исламға (7 ғ.) дейінгі арабтың Узра тайпасының махаббат культі мистикалық араб поэзиясында өріс алды. Низамидің «Ләйлі мен Мәжнүні» арабтың Узра тайпасының махаббаттың күл қылып өртеп жіберетін күші туралы аңызының жетіліп дамуы болып табылады». Шығыс шайырларында жер бетіндегі махаббаттан космостық құбылыстың өзегін көру зор, соның таңғажайып әсерінен екі ғашықтың сұлу бейнелері өшпестей із қалдырды. Ләйлі-Мәжнүнде астральдық әлемнің белгілері бар. Мысалы, Рудакидың (860 маңы – 941) көруінде. Оның газелдерінде Ләйлінің бұрымын көргенде Мәжнүн есін жоғалтты деп жырлайды. Бұл Рудакиде анық қосарлы. Ол гүл жүзінен Ләйліні, бұлттың жауған тамшыларынан Мәжнүннің көз жасын көреді. Жаңбырдан гүл өседі. Жазғытұры қызғалдақ Ләйлінің шырайындай құлпырар, толассыз жауған шоқ бұлт Мәжнүнше егіледі. Мәжнүн құдайға деген шынайы, сөнбес таза махаббат ишарасы, Ләйлі – Жарға сүйіспеншілігінің арқасында бұл қасиетке ие болды. «Ләйлә, илло-алло»... деп тұр екен, – деп жырлайды біздің Жұматай дей келе: «Суфизм адами қасиеттерді Жасаған Ие Жарға деген махаббат арқылы қорғайды. Бұл адам баласын өсіреді, оны қорлатпайды. Құдайға ғашықтық осы тұрғыдан асқақ. Шәкәрім «Жарға ғашықпын» дегенде, Алланың нұрына шөлдеген толық адам, кемел суфийдың жан сарайын айтады. Соның үшін Мәжнүн пайғамбар әрі ақын. Ләйлісі – Жар, Алла Тағала ишарасы, суфийдің асығы. Пайғамбар асық, ақындығы махаббатында түюлі. Бірақ бұл тым құпиялы сүйініш, тылсым сезім. Оның олай болмағын Ләйлі образынан емес Мәжнүннен көреміз. Ләйлі неге көрікті? Асылында, Мәжнүн көркем» дейді. Сыншының бұл сөзі рас. Себебі өзі бекзат ғұмыр кешкен ақынның дегдар жырлар тудыруы тегін емес. Сондай-ақ бұл сөзімізді сыншы: «Жұматайдың «Ләйлә дертін жазар деп Ләйлә ғана» деп жырлауы рационалды жадтан гөрі иррациональды мағынаға дөп. Эстетикалық категорияда биік ұғымдар табиғаттың адамға беретін әсеріндей буырқандырады, әлемнің ұлылығын ашады. Адам жаны биікшіл, әулиелер дұға қылу үшін иен түзді таңдайды, себебі ол кеңдіктің һәм азаттықтың көрінісі. Әрі әзәзілдікке бейім, бағынғыш адам табиғатымен күресу шөлде қиын, оны жеңу нағыз әулиелік құпиясы», – деп нақтылай түседі.

Есенғали Раушановтың «Өлеңнің Кенежирені» атты жазбасында: «Біз Жұматайдың өлеңге әкелген үш жаңа дүниесіне тоқталар едік. Оның біріншісі – жоғарыда айтқан табиғат көріністері болса, екіншісі – Ләйлә сұлу, үшіншісі – Кенежирен аттың бейнесі. Ләйлә сұлуды жырлау, шынын айтсақ, жаңалық емес еді. Сұлу қызға ғашық болу – сонау көне заман поэзиясынан бастап бүгінге дейін бар тақырып. Бұдан шығады – гәп тақырыпта емес екен. Ақынды тақырып құтқарады деу – бекер сөз. Дұрысы, тақырыпты ақын алып шығатын болса керек. Әйтпесе, ғасырлар бойы жырланып келе жатқан Ләйлә неге Жұматай жырлағанда қайта жасарып, жайнап шыға келеді. Бәлкім, ол ақынның қиялындағы қыз шығар, бәлкім Жоңғар Алатауының «қара алмас көзді, бал ерін» аруларының бірі болар – әңгіме онда емес, әңгіме қазақ поэзиясына осындай бір жаңа бейненің келуінде. Әр ақынның өз Ләйләсі бар», – дейді. Ал ақын Есенқұл Жақыпбеков Жұматай Жақыпбаев хақында былай дейді: «Өлең үшін ғана өмір сүріп, өлең үшін өліп кеткен бір ақынды көзім көрді. Ол – Жұматай Жақыпбаев! Ғашық жүрегінің ғазалдарын ғана жазып өтті Жұма-ағаң. Басқа нәрсеге бас ауыртқан жоқ. Және там-тұмдап, дәмдеп қана жазды. Дәндеп жазған жоқ. Өзін-өзі көрсетуге асыққан жоқ. Сонымен өзін-өзі сыйлата білді. Ал қазіргілер өзін-өзі сыйлату үшін түрлі пендешілікке барып жүр». Иә, осындай тау суындай мөлдір жырлар тудыру үшін де пендегшіліктен ада аспани жүрек керек.

ЖЫР ҚАҒАНЫ ЖҰМАТАЙ

Есенқұл Жақыпбектің «Сөнген жұлдыздың жарығы» атты жазбасында ақын құрған қағанат жайлы былай әңгімелейді: «Жұматайды жастар көп үйірсектеді. Тобымыз күннен күнге көбейе берді. Артынан барып азая бастады. Яғни, аяғында нағыз таланттар ғана қалды. Содан кейін: «Мен сендердің қағандарың болайын, сендер менің сарбаз, нояндарым болыңдар», – деді. Сөйтіп, ол кісінің нояны болдық. Жұматайдың айтқаны – заң. Біздің Шыңғыс ханымыз. Жазушылар одағына барамыз, ешкімге көңіліміз толмайды. Есік алдына шығып жетім баладай үйіріліп тұрамыз. Жұмағаңның төбесі көріне бастағанда шулаймыз кеп. Жұмағаң Одаққа кірмейді, «ал жүріңдер» деп ертіп алып кетеді. Содан өлең-жыр оқу басталады. Жұматайдай әзілкешті көрген жоқпын. Жұматаймен жүрген әр күнің – 1 мамыр, әр күнің – Жаңа жыл. Несіпбек Айтовтың бір күні «Жұматай, нояның түгілі қоянның болайын, қастарында жүрейінші» деп жалынғаны бар».

Иә, ақын достары, інілері естеліктерінде жиі еске алатын «Қағанат» ұйымы ақынның әрі тарихи санасының, әрі ел болашағын ойлаған азаматтық үлкен жүрегінің жемісі болатын. Бұл ұйымның құрылуы жөнінде Қ.Әлімбек былай дейді: «Ол басымыз қосыла қалса өзі өлең оқып, біздерге оқытып әрқайсымыздың болашағымыздан үлкен үміт күтетін. Осындай отырыстың бірінде Жұмағаң тарихтан біраз термелей келіп, «неомонғол империясын» құрғандығын, оған осы бәріміздің мүше, яғни бір-бір ноян болғанымызды айтты. Біз бұл қалжынды қуана қабылдадық. Нояндықтың мақсаты жақсы жыр жазу ғана емес, осы әдеби қағанатқа жаңа мүшелер тарту да еді. Сөйтіп, бұл қағанат жыл сайын жаңа нояндармен қолға түсті. Алғашқы нояндар «саид» дәрежесіне көтерілді. Далай Қаған, яғни Ұлы Қаған Жұматай ағамыз әзілдеп былай деуші еді: «Біз жаңа монғолдармыз! Мына қазақтарға жыр жазуды үйрету үшін тудық. Басты мақсат – өлеңдерімізбен күллі әлемді «жаулап алу». Біз бұған кәдімгідей болып қалатынбыз. Қағанатымызға мүше еместер қасымызға келсе: «О, қазақтар келді!» деп қалжындайтын», – дейді. Ақын өз өлеңінде: «Жаулаушы» деп те бұл маған, Тақпасын айып бір дұшпан. Есугей емес, үлгі алам Айтматұлы Шыңғыстан» деп жырлауы да әлемді уысында ұстаған қаһарлы қаған жырдағы бейнесіндей еді. Мейірхан Ақдәулет пен Әбубәкір Қайран қаған илхамы (орынбасары) атанып, маркұм Жақыпбектің Есенқұлы, қазіргі таңда облыстық «Жетісу» газеті бас редакторының орынбасары Нүсіпбай Әбдірахым мен қыздардың ішінде топ жарып, осы қатардан орын алған Мемлекеттік сыйлықтың иегері Гүлнар Салықбай бар қағанатта аңызға бергісіз жыр-дәуреннің өткені анық. Ақын Әбубәкір Қайран: «Ол кісінің қағанатқа қабылдауы қиын еді. Алдымен өлеңін оқытатын. Сосын оны жақсы, жаман деп бөлмей, ұнаса бірден қабылдап, тіпті лауазымына дейін сол жерде айтып беретін. Ұнамаса, әлі де шыңдалу керек, келесіде тағы келерсің деп жіберетін», – деп еске алады.

«Қағанаттың» құрылуы халтураларға қарсы күрестен, «Ақын өлтіру ойыны» жүріп тұрған қоғамда ақын көрген тепірештен туған құбылыс деуге болар. Ол пенділік араласпаған Поэзия патшалығын құруды мақсұт қылды. Еркіндікті аңсады. «Еліне даусын жеткізбей, Аузы мен мұрнын тығындап. Сыртынан сұмдар сыбырлап,

> **Өлең үшін ғана өмір сүріп, өлең үшін өліп кеткен бір ақынды көзім көрді. Ол – Жұматай Жақыпбаев! Ғашық жүрегінің ғазалдарын ғана жазып өтті Жұма-ағаң. Басқа нәрсеге бас ауыртқан жоқ. Және там-тұмдап, дәмдеп қана жазды. Дәндеп жазған жоқ. Өзін-өзі көрсетуге асыққан жоқ. Сонымен өзін-өзі сыйлата білді.**

Ойнайды келіп той ұлы, Ақын өлтіру ойыны, – деп жырлады ол (Ақын өлтіру ойыны).

Қағанат құрамындағы ақындар жоспарлы түрде кездесіп тұрған. Бұл басқосуда жаңа өлеңдер оқылып, талқыға түсетін сын-пікірлер айтылатын, дейді білетіндер. Ең бастысы, сол шыңдалу мектебінен өткен қаламгерлер қазір қазақ поэзиясының ең белді өкілдеріне айналды. Өкініштісі, аты аңызға айналған бұл жыр қағанаты Жұматай ақын дүниеден озған соң, тарқап кетті. Бұл жөнінде ақын Гүлнәр Салықбай өлеңмен өріп былайша жырлайды:

«Қаңтарылды Ай,
Қалды жұтап жер мүлде,
Қаңырадық, қаралы әуен жамылып.
Жерден көкке жұлдыз ұшты,
Көрдің бе?
Бақа біткен аузын ашты аңырып.

Жоқтайды әлі Жердің беті «Өлі» де,
Оның сәби сезіміне ашығып.
Ақын қайтты Аспандағы еліне,
Асықпайтын жүрісімен асығып.

Бақыт жайлы басталмай ән шынайы.
Бақшалардың басылмай тұр солығы.
Жылылықтың, сұлулықтың құдайы
– енді ешқашан толмайтұғын орыны.

...Қала. Қара. Көмір жолдар өкпелі,
Мұң шақпайсың ешбір жанға ұғар деп.
Жұлдыздарға қарай берем көктегі,
Жұмағамның жолдастары шығар деп...

Ғарыш жақтан бұйырмады маған дәм,
«Қағанатың» қалды қирап төменде.
Сіздей ақын тумайды енді адамнан,
Сіздей Аға болмайды енді өлеңде...

Алматыда «нояндарың» адасып,
Ал адамдар арман қуып жүр әлі.
Бір құдірет қолын бұлғап, жаны ашып,
Сізге қарай тартады да тұрады.

Жоғарыдан жымиясыз – Жайлы өңді...
Ләйлә өмірді, жирен атты сүйесіз.
Сіз бен біздей жақсы аға-іні қайда енді,
Ақындардың патшалығы – иесіз».

АҚЫН ЖАЙЛЫ ЕСТЕЛІКТЕР

Жастарды әрдайым қамқорлығына алып жүретін Тұманбай Молдағалиев: «Жұматай! Сен қазақтың болашақ ұлы ақындарының бірісің!» – десе, мұнайғанда мандайынан сипай білген Олжас Сүлейменов: «Жұматай – истинный и даже редкий поэт!» – деп үлкен баға берген. Өзара сырлас, көп ретте тағдырлас та болған Асқар Сүлейменов: «Оның өлеңдері – табиғи бітімі, концепциялық айшықты ойы жағынан да ұлттық поэзиямыздың айтулы олжасы, оқшау құбылысы. Әр шығармасы шыңыраудан су шығарғандай көрінеді», – деп таңданысын жасыра алмаған. Ал Мейірхан Ақдәулетов: «Жұматай ақын ғана емес, қазақ тіліндегі өлеңнің табиғат пен уақыт бірлесіп сомдаған сұлу айшығы, бұрын-соңды болмаған нұрлы құбылысы. «Қайда-ағыны...» деуші табылар. Мейлі... Бірақ бұл – мойындамасқа болмайтын ақиқат. Оған куә – Жұматай қалдырған аумағымен емес, салмағымен өлшенер өшпес мұра. Беріден айтсақ, бізде ірі ақындар көп, ал Мұқағали, Төлеген, Жұмекендер сияқты құбылыстар сирек. Осы үшеуі бір-біріне мүлде ұқсамайды да, бір-бірін көлегейлемейді де. Себебі неде? Әрқайсысының Өлең дейтін құдіреттің жаңа құпиясы, бұрын болып көрмеген болмысы, тың үні мен нұрлы жанары болып көріне білуінде», – дей келе: «Жұматай – ежелден келе жатқан қазақ поэзиясының әр дарын, әрбір құдірет иесі арқылы жаңа бір мінез ашып, жеке бір жұлдыз болып көрінер құдіретті болмысын, патшадан жоғары, пайғамбармен дәрежелес Сөз өнерінің ақсүйегі – Өлеңнің киелі жаратылысын өмірмен, өлеңімен тағы бір дәлелдеп кеткен Ақын», – дейді.

Әбубәкір Қайран болса «ОЛ – БІР ҚҰШАҚ МУЗЫКА...» атты жазбасында: «Жұматай поэзиясы – құдіреті құпия дүние. Сондықтан болар, оның өлеңдерінің жұмбақ сырын жұртқа жеткізіп бере алатын сыншы қазақта әлі бола қойған жоқ. Бұл сөзім кейбіреуге келіссіз көрінсе де, көзім көрмеген соң көңілім сенбейтіні – ақиқат. Әрине, бұған осы күнге дейін сындарлы сынымыздың жоқтығы да, сыншыларымыздың өлең дүниесіне тереңдеп бара алмай, бетінен қалқып кететіні де себепкер» деп толғайды. Ақын Исраил Сапарбай: «Өз басым Жұматай Жақыпбаевты біздегі бекзаттық поэзияның бірден-бір өкілі дер едім. Ал бекзаттық поэзияға алдымен – сыршылдық, сырбаздық, сұлулық тән. Осы үш бірдей микроәлемді өнбойына өзек еткен өлең дүниесі қай кезде де қазынаңа да, базынаңа да жарап жатыр. Сұлулыққа іңкәр ақын сұлу-сұлу сөз теріп, мамыр мақам, мың бояу, күндіз күмбір, түнде ояу, көрмеске – ғайып, көргішке – ғажайып дүниені алдыңызға тартады емес пе?!» – десе Серік Ақсұңқарұлы «АНТИ-ПОЭЗИЯ» атты толғауында: «Махамбеттің өлімінен кейін ақын атаулыны аруақтай сыйлаған, аталы сөзге тоқтаған қазақ топырағында «ақын өлтіру ойыны» (Жұматай Жақыпбаев) басталып кетті. Баспадан бір кітабы шықпай жатып, бірнеше дәлдүріштің зәре-құтын алуға болатынын біздің ұлттық әдебиетімізде алғаш рет осы Жұматай дәлелдеп кетті. Ұлы Түрік Қағанатының ежелгі бір бұтағы қазақ халқының бойындағы бүгінгі көзі тірі ұрпағы көз жазып қалған ұлылық мен сұлулықты тап басып тану үшін Жұматайды оқу керек. Түркі дүниесінің кереметі мен кемелін Жұматайға дейін ұлы Мағжан ғана тереңнен толғаған еді», – дейді.

АЙМАҚ

АЙҚАЙ-ШУҒА АРҚАУ БОЛҒАН АУЫЗСУ

Жеті өзеннің тоғысында жатқан Жетісу облысында да ауызсу мәселесі толықтай шешімін таппай отыр. Дерек бойынша, облыс тұрғындарының 91,3 пайызы ғана орталықтандырылған сумен қамтамасыз етілген. Яғни, аймақтағы 358 елді мекеннің 327-сі ғана тазартылған ауызсу құбырына қосылған.

Қалмаханбет МҰҚАМЕТҚАЛИ,
Жетісу облысы

Өкінішке қарай, облыстағы елді мекендерді орталықтандырылған сумен қамтамасыз ету жұмысы баяу жүруде. Жетісу облыстық Энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының мәліметтері бойынша, бұл бағыттағы жұмыстар жалғасын тапса, биыл сапалы ауызсумен қамту деңгейі 92,5 пайызға жетуі мүмкін екен. Ал өңірдегі су құбыры желілерінің жалпы ұзындығы 3 935 шақырымды құрайды.

– Былтыр сумен жабдықтау жүйелерін салу және қайта жаңарту бойынша 9 жаңа және 13 өтпелі жобаны қоса алғанда, 22 жоба аяқталды. Мұны іске асыруға республикалық және жергілікті бюджеттен 7,7 млрд теңге қаржы бөлінді. Нәтижесінде, 267 шақырым су құбыры желісі салынып, 14 елді мекенде ауызсудың сапасы жақсарды. Атап айтқанда, Алакөл ауданындағы 2 ауыл орталықтандырылған су жүйесіне қосылды. Бұл ретте 6 елді мекендегі жобалар өтпелі жоба санатында, – дейді Жетісу облыстық Энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Айдос Бекетаев.

Жалпы, аймақтағы ауыл тұрғындары сапалы ауызсуға қол жеткізуден биыл да үмітті. Есеп бойынша, биыл Алакөл ауданы Теректі, Қоңыр, Лепсі, Ескелді ауданы Жалғызағаш, Қаратал ауданы Ұмтыл, Кербұлақ ауданы Ақбастау, Тастыөзек, Панфилов ауданы Қырыққұдық, Шолақай, Керімағаш ауылдарында және Көксу ауданы Көксу станцасында, сондай-ақ Талдықорған және Текелі қалаларында республикалық бюджеттен 14 жобаны іске асыру үшін 3,4 млрд теңге қарастырылған. Нәтижесінде, 2 604 адам тұратын Алакөл, Қаратал, Ақсу, Панфилов аудандарының 4 ауылы орталықтандырылған сумен қамтамасыз етілмек. Бұйырса 267 шақырым сумен жабдықтау желілері салынып, қайта жаңартылады екен.

Айтпақшы, жақында Алакөл ауданына қарасты Лепсі ауылының тұрғындары ауызсумен қамтуға қатысты мәселе көтеріп, журналистерге шағымданған болатын. Мыңнан аса тұрғыны бар Лепсі ауылы шығыс шекараға жақын орналасқан. Қазір ауылда 330 үй бар екен. Ал ауылда ауызсу құбыры жоқ. Жұрт тұтынатын ауызсуды тау етегіндегі өзеннен тасып ішетін көрінеді. Ауылдағы ағайын орталықтандырылған су құбырын күткелі он бес жыл уақыт болыпты. Есепті кездесулер кезінде жергілікті шенеуніктер бұл мәселені шешуге уәде берсе де, елді мекенге 50 жыл бұрын тартылған су құбырының бар екендігіне сілтеп келіпті.

Қазір облыс билігі бұл жағдайдан хабардар. Бірақ Лепсі ауылындағы айқай шуға арқау болған ауызсудың мәселесін толқытай шешуге әлі екі жылдай уақыт керек екен. Ауыл әкімі Берік Әукеновтің журналистерге берген мәліметі бойынша, Лепсі ауылына орталықтандырылған су жүйесін жүргізу үшін 2 млрд 900 млн теңге қажет екен. Былтыр сметалық құжаттар әзірленіп, тендер өтіпті. 800 млн теңгеге жуық қаражат игеріле бастаған.

Жалпы, Алакөл ауданын ауызсуға қатысты айқай шу жиі шығатын аймақ деуге болады. Бұған дейін аудандағы Екпінді ауылының тұрғындары да уәж айтқан еді. Мәлімет бойынша, 2008 жылы Екпіндіге орталықтандырылған ауызсу жүйесі салынған. Алайда ол құбыр ауылдағы барлық көшеге тартылмаған екен, соның кесірінен ауылдың жартысы ауызсуды өзеннен тасып ішуге мәжбүр болып отыр. Яғни, бір ауыл ғана емес, аудандағы 56 елді мекеннің көбінде сапалы ауызсуға сұраныс жоғары деген сөз. Ал аудан бойынша орталық су құбырына қосылған ауылдардың үлесі 85 пайызға енді жетпек. Онда да қаржысы бөлініп, құрылысы қызу жүріп жатқан Бибақан, Екпінді, Көктұма және Тоқжайлау ауылдарындағы орталықтандырылған су құбыры жүйесі дер кезінде іске қосылса...

ТАСҚЫНҒА – ТОСҚЫН

«БҚО-дағы ең ірі өзен Жайыққа биыл Ресейден өте мол су келіп жатыр» дейді мамандар. Себебі Жайық өзені жағасындағы Ириклий су қоймасы суға 82 пайыз толып тұр. Сол себептен Оралдағы Жайыққа былтырғыдан 4 есеге көп су жіберіліп жатыр деген хабар жіберген. Сондықтан да аймақтың су тасқынына дайындығы әлсін-әлсін тексеріліп жатыр. Азаматтық қорғаныс күштерінің дайындығы мен техникалардың ахуалы да қайта-қайта пысықталуда.

Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА,
Батыс Қазақстан облысы

Былтырғы тасқыннан сабақ алған билік биылғы көктемнің қамын ерте ойлады. Обалы не керек, ала жаздай бөгеттерді нығайтумен әлек. Жазда басталған жұмыстың арқасында су басу қаупі бар жерлерде 100 шақырымға созылған 54 қорғаныс бекеті салынды. Су қоймалары мен гидротехникалық құрылымдарға жөндеу жүргізілді. Биыл да жауын-шашын мол, мамандар облыстың тоғыз ауданы мен Орал қаласында су тасқыны болуы мүмкін деп болжап отыр.

– Қаңтар айы былтырғыдай жаңбырлы болды. Соның әсерінен облыстың солтүстік аудандарында топырақтың бетінде 2 сантиметрге дейінгі мұз жамылғысы қатты. Ақпан айында жауынды күндер бар. Осыны ескеріп, биыл да су тасқыны қаупі барын айтуға болады, – деп атап өтті «Қазгидромет» РМК облыстық филиалының директоры Тілеген Шапанов.

Тасқын қаупі төнген жағдайда төтенше жағдайлар қызметі 4 мыңнан астам адамды жұмылдыра алады деп отыр. Төтенше жағдайлар департаментінде жол талғамайтын көліктер, тік ұшақ бәрі дайын.

Жергілікті мамандар «су тасқынына дайынбыз» деп қанша айтса да, іс жүзінде ақсап жатқан шаруа шаш етектен. Мәселен, БҚО ТЖД мұз жару жұмысын ақсап конкурс өткізбеген, мердігер әлі анықталмаған. Облыс әкімі Нариман Төреғалиев бұл жұмыстарды ақпан айының ортасына дейін аяқтауды тапсырды.

БҚО әкімдігінде өткен жиналыста су тасқынына дайындық жұмыстарына салғырт қараған басшыларды облыс әкімі бір шыжғырып алды. Атап айтсақ, Орал қаласының әкімі Мұрат Байменов қала маңындағы қорғаныс бекеттерін салып бітпегені үшін сөгіс алды. Ал соңғы екі жыл қатарынан ауылдары суға кеткен Қаратөбе ауданында Қалдығайты өзенінің жағасындағы бөгеттер бекітіліп нығайтылмаған, су бұру каналы жөнделмегені себепті аудан әкімі сөгіс алды. Ал басқарма басшылары ескертумен шектелді.

– Қаратөбе және Орал қаласының әкіміне сөгіс, ал Табиғи ресурстарды пайдалану және реттеу басқармасының басшысына ескерту жариялаймын, – деді БҚО әкімі Нариман Төреғалиев.

– Облыстың барлық аумағында күзгі топырақтың ылғалдылығы төмен. Бірақ топырақтың қату тереңдігі былтырғымен бірдей. Ақпан айында, жауын-шашын мөлшері жоғары болады деп күтіліп отыр. Егер наурызда температура күрт өзгеріп жауын жауатын болса, қатып жатқан мұз жамылғысының кесірінен қар суы ағыны пайда болуы мүмкін. Біз қазір Ресейдің Орынбор, Саратов облыстарымен тығыз байланыста отырмыз. Ирикли су қоймасы 82 пайызға толды. Өкінішке қарай, БҚО-дағы су нысандарын мемлекет теңгеріміне алу жұмыстары өте баяу жүріп жатыр. Мәселен, облыста 102 гидронысан болса, соның тек 36-сы ғана мемлекет меншігінде. БҚО ТЖД су жару жұмысын жүргізуі керек, 5 бригадамен әлі күнге келісімшарт жасаған жоқ. Қазір ақпан айының басы екенін ескерсек, бұл жұмыстардың орындалмай қалу қаупі барын да айтқым келеді, – деп атап өтті БҚО әкімінің орынбасары Бақытжан Нарымбетов.

Жалпы, БҚО бойынша 186 ауылды су басу қаупі бар деп есепке алынған. Осы ауылдарда 3,9 млрд теңгеге жалпы ұзындығы 107 шақырым болатын 53 қорғаныс бекеті, 9 шақырым су бұру каналдары, 93 шақырым арық қазылған. Былтыр су тасқынында су шайып кеткен сегіз су қоймасы қалпына келтіріліп, өзендердің бойына жаңа 7 гидробекет салынған.

Биыл БҚО өзендердегі мұзды жару үшін 230 млн қаржы бөлінген. Бірақ әлі күнге қажетті компаниямен келісімшарт жасақталмаған.

– Қаратөбе ауданы, Қалдығайты ауылының су бұру каналын тереңдету және ұлғайту жұмысы мен қорғаныс бекетін нығайту, биіктету жұмысы толықтай орындалған жоқ. Орал қаласында өзендердің жағалауларында тұрғызылып жатқан қорғаныс бекеттерінің жұмысы өте баяу жүргізілуде. Орал-Гараж кооперативі мен Жас натуралистер аудандарында жұмыс әлі басталмады. Тасқала ауданында инженерлік жұмыстар дұрыс жоспарланбаған. Володарка ауылындағы қорғаныс бекетінің жұмысы әлі аяқталған жоқ, – деді БҚО әкімінің орынбасары Бақытжан Нарымбетов.

Былтырғы су тасқынында БҚО-да 5 927 үйге су кірген болатын. Қала маңындағы саяжайлар түгел суға кеткені бар. Саяжайларда тұратын 2 600-дей отбасы баспаналы болды. Өкінішке қарай, құжаттары түгел болмай және басқа да себептермен үйлі бола алмаған саяжайлықтар бар. Қазір қала маңындағы 130-дай саяжай бірлестіктерінде 1 500-нан астам отбасы қыстап жатыр. Ал облыстағы саяжайлардың бәрі дерлік Жайық өзенінің қоймаларында орналасқан. Жайық тасыса олар бірден суға кетеді. Былтыр қызыл судан зардап шегіп, дүние мүлкі бүлініп, әбден зәрезап болған ағайын биыл да жандарын шүберекке түйіп отыр. Қазір қалалық әкімдік өкілдері қала маңындағы саяжайлардың есебін жүргізіп жатыр. Жалпы, облыста саяжайлардың есебі ешқашан жүргізілмеген.

– Саяжайлардың есебі жоқ. Сондықтан биылғы су тасқын кезінде қатты қиналдық. Қазір арнайы бағдарлама жасайтын топпен саяжайлардың есебін жүргізетін бағдарлама әзірлеп отырмыз. Қай саяжайда кім тұрады, отбасы мүшелері, кәмілет жасына жетпеген балардың есебі, мүгедектігі бар адамдардың есебі, жан-жануарының есебі түгел көрсетілетін болады. Одан бөлек кім қыстап жатыр, кім үлкен үй салып алды, кімде жай ғана жер учаскесі, кім тек іргетасын құйып қойды бәрін есепке аламыз. «Жаман айтпай, жақсы жоқ бірдеңе бола қалса алдымен қай саяжайға көмекке бару керек?» деген сұраққа жауап іздеу үшін қажет, – деп атап өтті Орал қаласы әкімінің орынбасары Жандос Дүйсенғалиев.

Былтырғы су тасқынын «Қазгидромет» мекемесі 80 жылда болмаған табиғи апат деп танытты. Биылда өңірімізде су тасқыны қаупі жоғары. Оны мамандар жасырмай айтып отыр. Қауіптің алдын алу маңызды. Қолымызды мезгілінен кеш сермедік деп, өкініп отырмас үшін бүгін қимылдағанымыз абзал.

ҚАУІПТІҢ БЕТІ ҚАЙТПАЙ ТҰР

Былтыр тұтас елді әбігерге салған топан су биыл да аса үлкен қатер төндіреді деген қауіп басым. Елдің жүздеген ауылы су тасқыны қауіпті аймақтар қатарына енгізілуі осыған айқын дәлел. Жергілікті атқарушы органдар көктемгі су тасқынына «сақадай-сай әзірміз» деп жоғарыға желге толы есеп бергенімен, іс жүзінде дайындықтың осалдығын мамандар бағамдап жатыр. Бірақ тегеурінді шараның тиісті түрде қолға алынбай жеткілікті мөлшерде жүргізілмей келе жатқаны алаңдатады...

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ,
Ақмола облысы

Су тасқыны аса қауіпті аймақтардың қатарында Ақмола облысы да бар. Облыстың төтенше жағдай қызметінің баяндауынша, биыл су басу қаупі аса жоғары аймаққа өңірдің 15 мыңнан астам тұрғын түтін түтететін 144 елді мекені кірген. Төтенше жағдай қызметі аймақтың көптеген ауданында жергілікті атқарушы органдар өткен жылдардағы «әттеген-айларға» еш назар салмай, іс жүзінде сабақ ала алмағанын сын садағына алды.

– Бүгінде су басу қаупі аса жоғары қатер төндіріп тұрған Целиноград, Аршалы, Атбасар, Сандықтау, Астрахан, Бұланды және Зеренді аудандарына ерекше тоқталғым келеді. Бекітілген мерзімге қарамастан су тасқынына дейін аяқтау жоспарланған шаралар күні бүгінге дейін аяқталмаған. Мәселен, Көкшетау қаласында жоспарға сәйкес Қылшақты өзенінің 6,8 шақырымы тазартылуға тиіс болған. Алайда іс жүзінде тек 4 шақырымнан астамы ғана тазартылған. Біржан сал ауданындағы Макинка ауылында су ағыны және су бұру каналдарының құрылысы мен Қорғалжын ауданындағы Өркендеу ауылы бөгендерінің осал тұстарын нығайту жүргізілмеген. Біржан сал ауданында Карловка селосынан Трамбовкаға дейін, Макинка ауылынан, Ақсу және Торғай ауылдарына дейінгі автокөлік жолдарында су өткізу құрылымдарын ауыстыру және жөндеу, Егіндікөл ауданында Жалманқұлақ ауылынан Жұлдызға дейінгі жолдарда қосымша су өткізу құрылыстары аяқталмаған, – дейді Ақмола облысы Төтенше жағдайлар департаменті басшысының міндетін атқарушы Бақытжан Алашов.

Жүргізілген тексеріс қорытындылары облыстың барлық аймағында дерлік іс жүзінде өзен арналарын шіріген қамыс пен қоқыстан тазарту, түбін терендету жұмыстарының сапасы сын көтермейтінін анықтаған. Мәселен, Атбасар қаласында су басу қаупін туғызатын басты фактор болатын Жабай өзенінде жазғы және күзгі уақыттарда арнасын тазарту жұмыстары мүлде жүргізілмеген болып шықты.

Бұл орайда өңірдің үш аймағы су басу қаупі өте жоғары болып, инженерлік жұмыстарды өткізудің өзі үлкен алаңдаушылық туғызып отыр. Облыстық төтенше жағдайлар қызметі дерегінше, Атбасар қаласында су деңгейі көтерілгенге дейін қаланың тасқын судан аман қалуы тікелей осы құрылымға байланысты болғанымен 9,5 шақырым болуы тиіс қорғаныс бөгетінің бүгінде тек 200 метрі ғана нығайтылғаны мәлім болды.

Дәл осындай жағдай Жарқайың ауданын да алаңдатып тұр. Мұнда да бөгендердің тек ішінара нығайтылуынан Державинск қаласы мен Пригородное және Гастелло селоларына су басу қаупі төнген.

Тексеріс жұмыстары былтыр төтенше жағдай енгізілген Астрахан ауданында да жұмыстардың сапасыз жүргізілгенін анықтады. Мұндағы су басу қаупі төнген Астрахан, Жаңатұрмыс және Зеленое ауылдарында бөгендерді салу жұмыстары аяғына дейін жеткізілмей қалған. Былтыр арнасынан асып төгілген Колутон өзені арнасының 11 шақырымын тазарту жоспарланғанымен, іс жүзінде үш учаскеге бөлінген жұмыстар 3,4 шақырымға дейін қысқарған. Бөгендер салу жұмысы жүргізілгенімен көктемде Колутон өзенінде су деңгейі көтерілетін тұста бөгендерді ағын судың бұзып өтіп, Колутон селосын басып қалу қаупі бар.

Облыстың төтенше жағдайлар қызметі Целиноград ауданынан басқа өңірдің ешқандай ауданында су тасқынының алдын алуда ғылыми-техникалық тәсілдерді қолдану мәселесіне назар аударылмағанын атады.

– Өкінішке қарай, Целиноград ауданынан басқа ешқандай ауданда су тасқыны мәселесін шешуде ғылыми-техникалық әдістер бойынша жұмыстар жүргізілмей отыр. Бірақ ғылыми-техникалық негіздемелердің болуына қарамастан, бұл ауданның өзінде Қоянды, Талапкер және Қараөткел сияқты халық тығыз қоныстанған елді мекендерде оны жүзеге асыруға арналған сметалық есеп және басқа да бағдарламалар жасау жұмыстары жүргізілмеген, – дейді Бақытжан Алашов.

Өңірде су тасқынының қаупін жоғарылатып тұрған түйткілді мәселе Кеңестер заманында салынған гидротехникалық құрылымдардың да түгелге жуық апаттық жағдайда қалғаны болып отыр. Мәселен, былтыр су тасқыны кезінде Атбасар ауданының Самарка селосында орналасқан гидротехникалық құрылым ағын судың екпініне шыдас бермей күл-талқаны шығып бұзылған. Алайда аталған құрылымды нығайту және құм-тас төгіп, ағын су өтетін шлюздерін жөндеу жұмыстары жүргізілмеген. Дәл сол сияқты Зеренді ауданында «ҚазСуШаруашылығы» Ақмола облыстық филиалы соңғы бес жыл бойы өздеріне сеніп тапсырылған Айдабол және Алексеев су қоймаларында ешқандай жөндеу жұмыстарын жүргізбегені алаңдаушылық тудырған. Егер гидротехникалық бөгендер бұзылса, Айдабол және Алексеев ауылдарындағы 13 үйді су басып қалуы мүмкін.

Гидротехникалық құрылымдарының жағдайы апаттық күйге түскен Аршалы ауданында да жағдай аса қауіпті. Мұнда Батпакөл және Бірсуат су қоймаларының арнасынан асып, Ақбұлақ, Аршалы, Бірсуат және Ақтасты ауылдарындағы барлығы 346 үйді су басып қалу қаупі бар.

Төтенше жағдай қызметі жоғарыда аталған аймақтарға жергілікті атқарушы органдар мен теңгерім ұстаушылардың су қоймаларын құрғату және оны басқа жаққа аудару шешімін қабылдау қажеттігі аталды. Егер іске жүрдім-бардым қаралса елдімекендерге су басу қаупін туғызбау үшін су қоймаларын шұғыл ашу шарасы қабылданбақ.

Былтырғы су тасқыны кезінде облыс орталығы – Көкшетау қаласының өзіне су басу қаупін төндіргеніне қарамастан Зеренді ауданы Иванов су қоймасы Зеренді ауданы әкімдігімен нығайту және қалпына келтіру жұмыстары жүргізілмеген. Бұланды ауданында да Пушкин және Балуан Шолақ ауылдарына қарай шығатын Қараөзек және Капитонов ауылдары жолдарын су шайып кетуі жылда қайталанса да әкімдікпен бұл мәселе елеусіз қалып, тұрғындар көлік қатынасынсыз қалуға мәжбүр болады.

Жергілікті атқарушы органдар мен төтенше жағдайлар қызметі бірлесіп жүргізген тексеріс аймақтағы бірқатар аудандағы техникалық күш құрылымдарының да әзірлігінің шалалығын анықтады. Мәселен, Атбасар ауданында 19 техника бірлігі әзірленген. Бұл өткен жылғымен салыстырғанда 51 пайызға төмен болған. Оның ішінде 6 техниканың, атап айтқанда, 1 экскаватор, 1 авто жолтөсеуіш пен 2 ассенизаторлық көлік ақаулы болып шықты. Дәл осындай жағдай Жақсы ауданын да алаңдатты. Мұнда су тасқынына тек 9 техника дайын болып шықты. Бұл өткен жылғымен салыстырғанда 81 пайызға аз.

– Су тасқынымен күреске Целиноград ауданында 63 техника әзірленгенімен ауданда трал, бара және сүргіш арнайы техникалар жоқ. Бұланды, Есіл, Жарқайың және Қорғалжын аудандарында да дәл осындай жағдайда екені мәлім болды. Өңірде сонымен қатар халықты эвакуациялау және жедел әрекет етуге арналған жүзу құралдары Степногорск қаласы, Бұланды, Жарқайың, Қорғалжын және Целиноград аудандарында жеткіліксіз, тіпті жоқ болып шықты, – деп толықтырды Б.Алашов.

Құзырлы органдар түгелдей қатысқан жиында жүзу құралдарын қолдануда Атырау облысы мысалында «Алигатор» қайығын қолданудың тиімділігі аталды. Жүзу құралы қысқы және жазғы уақыттарда жету қиын жерлерде құтқару шараларын орындауға арналған.

Төтенше жағдай қызметінің мәліметінше, өткен жылы Зеренді және Сандықтау ауданына екеуден уақытша көпірлер табысталғанымен, күні бүгінге дейін оларды орнату жұмыстары жүргізілмеген болып шықты.

Жиын барысында өңірдегі аудан әкімдіктерінің су тасқыны кезінде азықтүлікпен қамтамасыз ету мәселесі де мүлдем ұмыт қалдырылғаны аталды. Сондай-ақ су тасқыны кезіндегі ауадай қажет жанармай, құм толтыратын қапшықтар мәселесі Көкшетау қаласы, Аршалы, Жарқайың және Целиноград аудандарында өткір тұрғаны аталды. Мәселен, былтыр төтенше жағдай жарияланған Көкшетау қаласында бар-жоғы 100 тонна құм-тас әзірленсе, қапшықтар мүлде жоқ болып шықты. Ал былтыр дәл осы уақытта қалада 14,5 тонна инертті материалдар мен 10 мың қапшық әзірленген.

– Биыл су тасқыны кезеңі басталғанға дейін былтыр су басқан апатты үйлерді сүріп тастау мәселесін шешу қажет. Төтенше жағдайлардың алдын алу және жою мәселелерінің үйлестірушісі болып табылатындықтан біз барлық су тасқынына қарсы кешенді шараларды күн сайын бақылауды ұсынамыз, – деді Бақытжан Алашов.

P.S. .....

Қысқасы, құзырлы органдар аймақта су тасқынының қаупі аса жоғары екенін, алайда жергілікті атқарушы органдардың сылбыр әрекетінен түйткілді мәселелердің ушығып кетуі мүмкіндігін жеткізді. Бұл орайда алдағы уақытта дереу арада тиісті шешімдер қабылданып, жұмыстар жүйеленеді деген үміттеміз.

Бүгінгі әнсүйер қауымның талғамы да, өнер ордасын толықтырған әншілер қатары да кеңейді. Алайда ұзақ жылдар бойы құлақтан кіріп, бойды алған әсем әнді орындаушылардың орны бөлек. Солардың бірі талай жыл Қазақ радиосына еңбегі сіңген, лирикалық әндерімен көпшілік тыңдарманды сүйсінткен Лашын Мұратқызымен әңгімелескен едік.

Лашын МҰРАТҚЫЗЫ, әнші:

ТЫҢДАРМАННЫҢ ЖЕТЕГІНДЕ КЕТПЕУІ КЕРЕК

РАДИОДАҒЫ ЖЫЛДАРЫМ БЕКЕР ӨТПЕДІ

– Лашын Мұратқызы, әнші де, ән де арзандаған қоғамда өнерге бет бұрғызатын немесе өнерден алшақ кеткізбейтін не құдірет деп ойлайсыз?

– Ол – өнердің құдіреті. Өнерге деген құштарлық, сүйіспеншілік.

– Лашынның біржола өнер адамы атануына мүмкіндік бар еді. Бірақ сіз Қазақ радиосы тізгінінен алыстап кете алмайтын секілдісіз. Радио дейтін бір сиқыр байлап-матап тастағандай. Одан алыстай алдыңыз ба?

– Қазақ радиосы мені байлап-матап тастаған жоқ. Керісінше, өнерге жол ашты. Қанатымды кеңге жаюыма мүмкіндік берді. Әнге биік талғам деңгейінен қарап, талғамымды, өнердегі жолымды қалыптастыруға ықпал етті. Мен Қазақ радиосына келген жылдары өнер саласында ғана емес, жалпы елімізде экономикалық қиындықтар белең алып тұрған қиын кез еді. Өнерге, сол әлемді бағындырып жүрген ортаға тап болу да қиын болатын. Оның үстіне өміріңді өнермен серік етем десең, оған барынды салуың керек. Қаржы мәселесі тағы бар. Балаларым да кішкентай болды. Бірақ мен Қазақ радиосында өткен жылдарым бекер кетпеді деп есептеймін. Қаншама өнер майталмандарымен таныс-біліс болдым. Нұрлан Өнербаев, Рамазан Стамғазиев, Ермек Елгезек сынды бірқатар өнер адамдарымен осы қасиетті Қазақ радиосының шаңырағында қызмет ете жүріп танысып, олардан тәлім алдым. Өнер мен мәдениеттің, руханияттың бесігі болған және әлі де болып жатқан «Қазақ» және «Шалқар» радиолары өнердің, ән мен күйдің сарқылмас қазынасы ғой. Мен сол қазынадан қалағанымша нәр алып, өзіме сіңірдім. Өзіме табиғат берген, әкемнің қанымен келген, алған кәсіби біліммен қалыптасқан өнерімді сол қазынадан алып, сусындап, ары қарай дамыттым, өнерімді өрістеттім. Бүгінгі күнге дейін радио – менің қолдаушым, ұжымым – қамқоршым.

– «Өнер жолы – қиын жол» дейтін едік. Қазір тым «жеңілдеп» кеткен сияқты. Дегенмен өнердің парқын түсінетін жандар жақсы мен жаманды айыра алады. Шын бағалының қадірін ұға аламыз ба?

– Әрине, «жеңіл» дүниенің ғұмыры ұзақ болмайтынын көріп жүрміз ғой. Бірақ сол сіз «жеңіл» деп отырған дүниелердің де өз тыңдарманы бар. Адамның бәрі бірдей биік талғам иесі бола бермейді ғой. Демек, ондай әндердің де өз тыңдарманына жетуге, соған қызмет етуге қақысы бар шығар. Бұл бір нақты былай деп айтуға келмейтін құбылыс па деп олаймын. Кейде өте биік талғаммен, жоғары музыкалық талаптарға сай, өлеңі мен сазы қабысып үйлесе кеткен, сондай бір сәтті туындылардың өзі тыңдарманға «өтпей» қалып жатады. Ал, керісінше жай ғана бір жеңіл-желпі әуенге құрылған, ойнақы, тойға ыңғайланып жазылған әндер күтпеген жерден «хит» боп кетеді. Бұның бәрі қазіргі тыңдарманның нені қалайтыны мен оның талғамына қатысты нәрсе болса керек. Ал менің өз басыма келетін болсақ, мен лирик әншімін. Ән айтқанда да адам өзінің табиғатынан алыстай алмайтын сияқты. Сол себепті менің орындайтын әндерімнің басым көпшілігі – лирикалық әндер. Би ритміне құрылған, тойдағы көпшілікті иіріп әкететін әндер іздеген тыңдарман менен ондай дүниелерді таба алмасы хақ. «Талғамға талас жоқ». Дегенмен әндерімнің іздеп жүріп тыңдайтын өз тыңдарманы бар.

МУЗЫКА – ӨЗГЕРІСКЕ ҰШЫРАЙТЫН ӨНЕР

– Сіз қасиет тұтатын құндылық қандай?

– Адалдық. Оның мағынасы терең, ауқымы да кең ұғым ғой. Өз-өзіне деген адалдық. Өнерге деген адалдық. Достыққа деген адалдық. Мен үшін адалдық бәрінен биік қасиет.

– Бүгінгі әндердің ғұмыры тым қысқа. Бір кездегі көше әндерінің өзі сапалы болатын еді. Бүгінде той қуып емес, ой қуып жүрген жандар бар ма?

– Бәрі деп көпке топырақ шашпай-ақ қояйық. Жоғарыда айтып өткенімдей, той әндерінің де өз тыңдарманы бар. Демек, оған да сұраныс бар деген сөз. Сапалы жазылған, ойлы, тіптен терең философияға құрылған әндер қаншама?! Тек соны тыңдар құлақ болса...

ӨНЕРГЕ ЖАҚЫН БОЛУ ҚАНЫМЫЗДА БАР

– Үлкен сахнада ән салып жатқанда тыңдаушыларыңызға ішкі сырыңызды қаншалықты ашасыз? Халық алдында эмоция, көңіл күйіңізді көрсетіп қалатын кез бола ма?

– Мен лирикалық әндердің орындаушысымын дедім ғой. Ал ол әндер –онсыз да көңіл күйге, ішкі сезім сәулелері мен жан тебіреністерінің ноталарына құрылған әндер. Сондықтан ондай әндерді сезімсіз орындау мүмкін емес. Рас, кейде қатты толқығанда сахнада тұрып көз жасыма ерік беретін кездер болып қалады. Әсіресе, әке мен ана туралы әндерді айтқанда. Араға азғантай уақыт салып, бірінен кейін бірі келместің кемесіне мініп (бәрі демеймін) қалауына «көнсем», мен тек той әндерінің орындаушысы болар едім.

> *Жас пен ересек адамның тыңдайтын әндерінде айырмашылық болуы – заңдылық. Қазір заман зымыранның жылдамдығындай жедел дамып жатыр. Музыканы өңдеу технологиясы да, музыкадағы бағыттар да уақыт өткен сайын өзінің өрнегін, иірімін өзгертіп, құбылтып бағуда.*

– Шығармашылығыңыз туралы сөз етсек. Қазір жас пен үлкеннің тыңдайтын әндерінде айырмашылық көзге көрініп тұрады. Сіздің қоржыныңыздағы әндерді көбіне тыңдайтын аудитория кімдер? Әндеріңізді тыңдарман сұранысына сай шырқайсыз ба? Тыңдарман талғамы туралы не айтасыз?

– Жас пен ересек адамның тыңдайтын әндерінде айырмашылық болуы – заңдылық. Қазір заман зымыранның жылдамдығындай жедел дамып жатыр. Музыканы өңдеу технологиясы да, музыкадағы бағыттар да уақыт өткен сайын өзінің өрнегін, иірімін өзгертіп, құбылтып бағуда. Балаларымның тыңдайтын музыкасы мүлде менің талғамыма сай келмейді. Соған қарап олардың талғамына шектеу қоя алмасым белгілі. Бір жағынан олардың талғамын нашар деп айта алмаймын. Кейде жастар тыңдайтын музыкаларды тыңдап отырып, кейбір тұстарын, кейбір иірімдері мен өңдеуге қатысты формаларын неге лайықтап өзіміздің әндерімізге пайдаланбасқа деген де ой келетінін жасырмаймын. Өнер, музыка деген бір орында тұрып қалмайтын, уақыт өткен сайын дамып, өзгеріп, құбылып отыратын құбылыс қой. Ал келесі сұрағыңызға келер болсақ, әнді тыңдарманның сұранысына қарай орындау дегенді түсінбеймін. Қай салада болсын өнер адамы өз тыңдарманының немесе көрерменінің жетегінде кетпеуі керек. Оның талғамын қалыптастырып, жетелеуге ұмтылуы керек деп ойлаймын. Әйтпесе, қазіргі көпшілік тыңдарманның кете барған ата-анам – менің жазылмас жарам. Сол себепті болар.

– Өнер жолын артыңыздан ерген қыздарыңыз да таңдапты. Бұл өз таңдауы ма, әлде ана ретінде үлгі болып, бағыт бердіңіз бе?

– Жолдасым да өнерге жақын, музыкалық аспаптарда еркін ойнайтын адам еді. Ара-тұра ән айтатыны да бар болатын. Әкем, қыздарымның нағашы атасы да өнерден құралақан адам емес еді. Одан кейін енем, қыздардың апасы да отырған жерінде ауылдың алты аузын алты қайырып айтатын өнерлі кісі. Ауылдағы «Әжелер ансамблінің» мүшесі болған. Сол кісілерден жұққан болар. Алайда мен қыздарымның таңдауына араласқан емеспін. Бұл – олардың өз таңдауы, өз қалауы.

– Жеке шығармашылық кештеріңіздің өткеніне көп болмады. Тағы да осындай кеш ұйымдастыру жоспарыңызда бар ма?

– Астанадағы концертімді ойдағыдай өткізіп келген күннің ертеңіне жолдасым Рүстем жүрек талмасынан қайтыс болды. Бұл концерттен керемет көңіл күймен келгенімде төбемнен жай түсірген жағдай болды. Сол себепті жоспарымның бәрін уақытша ысырып қоюға тура келді.

– Қазір немен айналысып жүрсіз?

– «Тірі адам тіршілігін істейді» деген рас екен. Біраз композитор, сазгерлерден келіп түскен әндер бар. Түрлі шығармашылық ұсыныс бар. Оның бәрін уақыты келгенде біле жатарсыздар. Әзірше соларды жарыққа шығарудың жайын ойластырудамын.

– Әңгімеңізге рақмет! Шығармашылық табыс тілейміз!

Сұхбаттасқан
Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

ТАРИХИ ЖӘДІГЕР ЕЛГЕ ОРАЛДЫ

Ұлттық музей қоры тағы бір жәдігермен толықты. Тарихымыз үшін мәдени құндылығы жоғары Жанқожа батырдың қылышын салтанатты түрде Парламент Мәжілісінің депутаттары Ардақ Назаров пен Айдарбек Қожаназаров табыстаған еді. Айта кету керек, қылыш Украина жерінен табылды.

Жиынға мемлекет және қоғам қайраткерлері, Ұлттық музейдің қызметкерлері қатысты. Музей қорын толықтыру мақсатында сыйға берілген жәдігердің атауы – қылыш. Тапсырушылардың айтуынша, XIX ғасыр жәдігеріне жататын қылыш әйгілі қазақ батыры Жанқожа Нұрмұхамедұлына тиесілі.

– «Ай – ортақ, жер – ортақ, елден шыққан ер ортақ» дейтін керемет сөз бар. Жанқожа – бәріміздің ортақ батырымыз. Кезінде елін қорғаған Кенесары ханның қасында ат жалын тартып мініп, өмірінің соңына дейін қазақ даласын қорғаған батыр. Жақында Жанқожа бабамыздың қылышы Украина жерінен табылды. Жақында бізге оны Ресей ғалымдары арнайы зерттеп, батырға тиесілі екенін дәлелдегені туралы хабар келді. Қылыштың бір бетінде төте жазумен «Созақ-1845», ал екінші бетінде «Жанқожа Нұрмұхамедұлына сауғат» деген жазу бар. Яғни, кей ғалымдардың айтуынша, 1845 жылы Созақты қоқандықтардан азат ету кезінде Кенесары Қасымұлы Жанқожа батырға сыйға тартқан, – деді депутат А. Назаров.

Мәжіліс депутаты Ардақ Назаров сөзінде Жанқожа Нұрмұхамедұлы 17 жасынан бастап ел қорғау үшін атқа қонғанын тілге тиек етіп, 86 жасында шайқас үстінде қаза тапқанын атап өтті. Сол уақытта жаужүрек батырларымыз болмағанда, еліміздің оңтүстігінен айырылып қалу қаупінің жоғары екенін де негізге алды.

Жиын барысында қатысушылар Жанқожа Нұрмұхамедұлы туралы өзге де тың ақпаратқа қанығып, құнды жәдігермен толықтай танысты.

Айта кетейік, бұған дейін 2023 жылы Парламент Мәжілісінің депутаты Ардақ Назаров қазақ тарихындағы кәсіпқой балуан Қажымұқан Мұңайтпасұлына тиесілі «Джамбия» қанжарын Ұлттық музей қорына салтанатты түрде табыстаған еді.

Қасиет ӨМІРБЕК,
Қ. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің 2-курс студенті

FORTE KULANSHI ART SPACE БИЕННАЛЕ ҰСЫНДЫ

Қазақстанда алғаш рет жас суретшілерге арналған ANAU-MYNAU биенналесі ұйымдастырылды. Көрме Forte Kulanshi Art Space арт-кеңістігінде орналасқан. Оған елдің түкпір-түкпірінен жиналған 35 жас қылқалам шеберлерінің жұмысы қойылды.

ANAU-MYNAU – көрмеге кездейсоқ берілген атау емес, бұл «осында және қазір» деген идеяны білдіреді. Идея аясында талантты суретшілердің кескіндеме және графика саласындағы жұмыстары қойылды. Аталған көрменің мақсаты – өткен мен бүгіннің арасында мәдени диалогті көрсету, жас авторлардың әлемге жаңа көзқарасын ұсыну. Ұйымдастырушылардың айтуынша, көрмеге іріктеу кезеңдерін қосқанда дайындыққа 8 ай уақыт кетті.

Жастар өнерінің бірінші биенналесі – суретшілерді қолдаудағы маңызды қадам. Жалпы, көрмедегі әрбір картинада белгілі бір мағыналық мазмұн бар. Жас авторлардың шығармаларынан бейнелеу өнері арқылы өзін танытуға деген ұмтылыс сезіледі.

Айта кетейік, елімізде ұйымдастырылған алғашқы шара енді екі жылда бір рет өтетін болады.

Бахадыр Яшар ЖАНСУ,
Қ. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің 2-курс студенті

NUR MEDIA медиахолдингі
AIQYN
Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС
Директор – Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор – Амангелді ҚҰРМЕТ
Гүлзина БЕКТАС – Бас редактордың бірінші орынбасары
Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ – Шығарушы редактор
Елдар ҚАБА – Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ – Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ– Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН – Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ – Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК – Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА – Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ – Қызылорда облысы
Баян ЖАНҰЗАҚ – Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:
Кәсіпорындар, мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер, соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aiqyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның» компьютер орталығында беттелді
ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4554
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС Сілеті көшесі 30, тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ»АҚ Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС, Әлімқұлов көшесі 22, тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде тіркеуге алынып, мерзімді баспасөз басылымын қайта есепке қою туралы №17416-Г куәлігі 25.12.2018 жылы берілді
(Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №4448-Г – 01.12.2003ж.)

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:
010000. Астана қаласы, Қонаев көшесі, 12/1
Байланыс телефоны: Астана қ. (7172) 72-95-46
e-mail: aikyngazeti@gmail.com, aikyn_nurmedia@mail.ru

• Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.
• Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды.
• Көлемі үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
•«Айқында» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Кезекші редактор – Айхан ШӘРІП